



## ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Люксембург Премьер-министрі Люк Фриденмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі мен даму перспективасын талқылады. Әсіресе, энергетика, қаржы, цифрлық технология, инновация және басқа да салалардағы өзара тиімді кооперация мәселесіне баса мән берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Люк Фриден Еуропа Одағы аясындағы серіктестік әлеуетін пайдаланудың, сондай-ақ Бенилюкс елдерімен ықпалдастықты күшейтудің маңызына назар аударды.

## МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН КЕЛЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен 5-7 мамыр күндері Қазақстанға Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бас хатшысы То Лам мемлекеттік сапармен келеді.

Жоғары деңгейдегі келіссөздер барысында сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық салалардағы қазақ-вьетнам ынтымақтастығын дамыту перспективасы талқыланады.

7 мамыр күні Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бас хатшысы Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Астанада өтетін әскери парадты тамашалайды.

## МАРАПАТТАЛДЫ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын жүзеге асыруға, шет мемлекеттермен достық қарым-қатынастарды орнатылуы мен дамуына қосқан елеулі үлесі үшін мемлекет қайраткері, дипломатиялық қызмет ардагері Тілеухан Қабдрахманов І дәрежелі «Достық» орденімен наградталды.

## ПРЕЗИДЕНТТІҢ БАҚ САЛАСЫНДАҒЫ БАЙҚАУЫ БАСТАЛАДЫ

Биыл жылдағы дәстүрге сәйкес Президенттің БАҚ саласындағы сыйлықтары мен гранттары, сондай-ақ Алғысы беріледі. Байқауға өтінішті 2 мамырдан бастап беруге болады. Бұл туралы Президенттің Баспасөз хатшысы Руслан Желдібай мәлім етті.

Байқауға қатысу үшін ұсынымдар 2025 жылдың 2 мамырынан бастап 10 маусымға дейін қабылданады. Айта кетерлігі, үміткерлер мен шығармашылық ұжымдарды бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар, мемлекеттік органдар ұсына алады.

Конкурсқа 2024 жылғы 1 маусым мен 2025 жылғы 31 мамыр аралығында жарияланған немесе эфирге шыққан материалдар қабылданады. Қосымша мәліметтер Ақорданың ресми сайтына 2 мамыр күні жарияланады, – деп жазды Р.Желдібай.

## АРАСЫН ЕЛДІҢ ЖАЛҒАҒАН, АРУДАН АРТЫҚ БАР МА АДАМ?!



Ел мен елдің арасын қыз қосады. Өзге елден шекара асып кеп, қазақ отбасына келін болып жатқан қыздар туралы да осыны айтуға болады. Олар аз уақыттың ішінде қазақы дәстүрге бой үйретіп, отбасына судай сіңіп, тастай батуда. Отбасы дейтін шағын мемлекетте екі түрлі ұлттың ұйысып, тату-тәтті өмір сүруі – тұтас халықтың ынтымағы. Оған қазақтың қара шаңырағында басынан орамалын тастамай тағып жүрген тайландтық, филиппиндік кейіпкер келіндеріміз дәлел.



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

### Құрметті отандастар!

Қазақстан халқының бірлігі мерекесі құтты болсын! Бұл – мемлекетіміз үшін айрықша мәні бар мейрам. Жұртымыз ортақ құндылықтарға негізделген жасампаз мақсаттарға жету жолында бар күш-жігерін жұмылдырып, болашаққа сеніммен қадам басып келеді. Кен байтақ жерімізде түрлі этнос өкілдері өзара келісімде, тату-тәтті өмір сүріп жатыр.

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толды. Осы бірегей ұйым әуел бастан еліміздегі бейбітшілік пен татулықтың жаршысына айналды. Ассамблея азаматтарымыздың өзара құрметі мен

ырысты ынтымағына сүйеніп, ұлтты ұйыстыруға елеулі үлес қосып келеді.

Халқымыздың ауызбіршілігі мен тілеуестігінің арқасында мемлекетіміз дамып, қолға алынған ауқымды реформалар табысты жүзеге асырыла береді.

Еліміз теңдікке, өзара сенімге және мәдени әралуандылықтың жасампаз әлеуетіне арқа сүйеп, ел бірлігін одан әрі нығайта түседі.

Біз жұрт болып жұмыла білсек, кез-келген сынақты еңсеріп, биік белестерді бағындырамыз. Ұлтымыздың арман-мұраты – Әділетті әрі Қуатты Қазақстанды бірге құрамыз. Баршанызға бақ-береке тілеймін!

Бірлігіміз бекем, аспанымыз ашық болсын!

## АЛҒЫС ХАТ ЖОЛДАДЫ

Жуырда А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы еліміздің медицина тарихында тұңғыш рет бір мезетте үш науқасқа үш донордың бүйрегін тоғыспалы трансплантация тәсілімен салатын аса күрделі операцияны сәтті өткізді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев белгілі хирург, профессор Болатбек Баймахановтың жетекшілігімен жасалған бұл операцияны отандық медицинаның зор жетістігі ретінде бағалап, орталық ұжымына Алғыс хат жолдалды.

– Мемлекет денсаулық сақтау саласын дамытуға баса мән береді. Бұл ретте көптеген іргелі бастама қолға алы-

нып, ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Соның нәтижесінде ұлттық медицина қарқынды дамып келеді. Сіздер жасаған бірегей операция – соның айқын дәлелі. Қазір еліміз өте күрделі трансплантациялық операция жасайтын әлемдегі алты мемлекеттің қатарына кіреді. Бұл жетістікке отандық мамандардың, соның ішінде өздеріңіздің қажырлы еңбектеріңіз бен ерекше білімдеріңіздің, сондай-ақ теңдессіз тәжірибелеріңіздің арқасында жетіп отырмыз. Баршанызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Болашақта да ұлт саулығын жақсарту үшін тынымсыз тер төгіп, халқымызға қалтқысыз қызмет ете бересіздер деп сенемін, – делінген Алғыс хатта.



## БЕРЕКЕ БАСТАУЫ – БІРЛІК

Бірлік – барлық игіліктің бастауы. Мемлекеттің мәңгілік тұрмағы, тәуелсіздіктің берік болмағы, жердің тұтас болып қалмағы, елдің өркендеу жолынан таймауы – бәрі халықтың бірлігіне, ынтымақты тірлігіне байланысты. Мысалға, Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банктің атаулы ЖІӨ бойынша әлемдік рейтингінде Қазақстан 2019 жылғы 56-шы орыннан 2025 жылы 43-ші орынға дейін көтеріліп, абыройы аспандап отыр. Бұл да елдің өрлігі, ердің еңбегі, бірліктің жемісі.



1 МАМЫР 2025 | БЕЙСЕНБІ

# МӘМС

## ЖҮЙЕСІ ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар міндетті медициналық сақтандыру туралы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері және тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері бойынша түзетулер, Салық кодексі мен оған ілесіп түзетулер екінші оқылымда қабылданды. Сонымен қатар екі халықаралық құжат ратификацияланды.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша Үкімет әзірлеген түзетулер міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіруге бағытталған. Ол жөнінде Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова баяндама жасады. Мәжіліс заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады.

Жұмыс тобының жетекшісі Гүлдара Нұримова қосымша баяндамасында Мемлекет басшысының міндетті медициналық сақтандыру жүйесін түбегейлі жаңғырту жөніндегі тапсырмасын орындау үшін заң жобасында сақтандыру моделіне кезең-кезеңімен көшу көзделгенін атап өтті. Атап айтқанда, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында және міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызмет түрлерін ажырата отырып, медициналық көмектің бірыңғай пакетін құру ұсынылады.

Мәжіліс депутаттарының ұсынысы бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі пакетінде алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетудің негізгі тізбесі: әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу, диагностикалау және емдеу жөніндегі қызметтер сақталады. Яғни, туберкулез, АИТВ, катерлі ісік, созылмалы вирусты гепатит, бауыр циррозы, эпилепсия және басқа да аурулары бар адамдарға тегін медициналық көмекті толық алуға кепілдік беріледі.

Сонымен қатар депутаттардың бастамасымен азаматтардың сақтандыру мәртебесіне қарамастан медициналық көмекке қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі пакеті аясында бастапқы емдеу кезіндегі негізгі медициналық көмекте сақталады. Яғни, емханаға келген әрбір азаматқа дәрігердің алғашқы кеңесі беріледі деген сөз.

Сондай-ақ міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар мен аударымдарды есептеу үшін қабылданатын ай сайынғы кірістің жоғары шегін арттыруға, жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар мен әлеуметтік әл-ауқаттың дағдарысты деңгейіндегі адамдар үшін МӘМС-ке жарналарды жергілікті бюджеттен төлеуге, МӘМС жүйесіне мемлекет жарналары-



нын мөлшерлемелерін кезең-кезеңімен өзгертуге бағытталған нормалар ұсынылды, — деді Гүлдара Нұримова.

Талқылау барысында депутат Мұрат Әбенев әріптесі Бақытжан Базарбекпен бірлесіп заң жобасына сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының алдын алу үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жауапкершілігі мен ашықтығын арттыруға бағытталған түзетулер енгізгенін атап өтті. Дегенмен депутат бұл стандарттарды іс жүзінде енгізуге алаңдаушылық білдіріп, заңбұзушылықтар анықталғаннан кейін Астанадағы емханаларға қатысты тиісті шара қолданылмаған екі жағдайды еске салды.

Ақмарал Әлназарова өз жауабында қаражатты медициналық ұйымдар белгіленген өтеу кестесіне сәйкес ішінара қайтаратынын хабарлады. Ол сондай-ақ Әлеуметтік міндетті медициналық сақтандыру қоры өз жұмысын қайта құрылымдайтынғын атап өтті. Биылғы 1 шілденен бастап ақауларды анықтаудың автоматтандырылған жүйесі — медициналық көмекке ақы төлеудің бірыңғай жүйесі енгізіледі. Бұл медициналық қызметтер мониторингін қамтуды 0,9 пайыздан 100 пайызға дейін арттырады. Жүйе Әлеуметтік міндетті медициналық сақтандыру қорының бақылау және медициналық ұйымдардың өзін-өзі реттеу құралына айналады.

Салық кодексі және салық салу мәселелері бойынша оған ілесіп түзетулер екінші оқылымда қабылданды. Депутат Берік Бейсенғалиев бастаған жұмыс тобы бес мыңға жуық түзетуді қаралды. Депутаттық корпус пен Үкіметтің бірлескен жұмысының нәтижесінде бірқатар шешім қабылданды. Соның ішінде қосылған құн салығы реформасы бойынша нормалар бар.

— Алғашында Үкімет ұсынған 20 пайыздық мөлшерлеме 16 пайызға дейін төмендетілді. Қосылған құн салығы бойынша міндетті тіркеудің шегі 15 миллионнан 40 миллион теңгеге дейін ұлғайтылды. Дәрілік заттар мен медициналық қызметтерге қосылған құн салығының төмендетілген мөлшерлемелері енгізіледі: 2026 жылдан бастап 5 пайыз және 2027

жылдан бастап 10 пайыз болады. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, міндетті медициналық сақтандыру, сирек кездесетін және әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу аясындағы тауарлар мен қызметтер қосылған құн салығын төлеуден босатылады. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары мен отандық басымдықтарды, сондай-ақ бастапқы кезеңдегі кітаптарды басып шығару қызметтерін ҚКС төлеуден босату жоспарланатын отыр. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау мақсатымен қосымша есепке жатқызға қосылған құн салығы сомасы 70 пайыздан 80 пайызға дейін ұлғайтылды, — деді Берік Бейсенғалиев.

Сонымен қатар оңайлатылған декларацияның реформалау аясында рұқсат етілуі тізімінің орнына тыйым салынатын тізімі енгізілді. Мәслихаттардың өңірлік ерекшеліктерін ескере отырып ±50%-ға дейін түзету мүмкіндігімен 4 пайыздық бірыңғай мөлшерлеме белгіленді. Ойын бизнесі мен банктер үшін корпоративті табыс салығы мөлшерлемесі 25 пайызға дейін көбейтілді. Әлеуметтік сала ұйымдары үшін корпоративті табыс салығы төмендетілді. Жеке табыс салығының прогрессивті шкаласы енгізіледі. Алкоголь мен темекі өнімдеріне, сондай-ақ құрамында қыздырылған темекі бар өнімдерге акциз мөлшерлемелерін кезең-кезеңімен көтеріліп, энергетикалық сусындарға акциздер енгізіледі. Ауыл шаруашылығы жерлерін тиімсіз пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемесі 100 есеге дейін ұлғайтылды.

Жалпы алғанда, реформа салық жүйесін жеңілдетуге бағытталған бірқатар негізгі өзгерісті қарастырады. Салық есептілігін 30 пайызға, салық санын 20 пайызға қысқарту, салық жеңілдіктерін оңтайландыру, сараланған мөлшерлемелерді енгізу, инвестициялық белсенділікті ынталандыру, сән-салтанат заттарына жүктемені арттыру және басқа да бірқатар өзекті мәселе бар.

Салық кодексін қарау қорытындысы бойынша Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов құжаттың кен ауқымда және ашық талқыланып, Парламент фракцияларында, Қоғамдық палата отырыста-

рында бірнеше рет қаралғанын атап өтті. Соның нәтижесінде заман талабына сай келетін, жан-жақты таразыланған салық заңнамасын қабылдауға мүмкіндік туды.

— Мемлекет басшысы жыл басында Үкімет отырысында жана Салық кодексінің негізгі құрылымын айқындап берді. Әділ, ашық және болжамды салық заңнамасын қабылдау жөнінде алдымызға нақты міндет қойған болатын. Қабылданған кодексте осы процеске қатысушылардың барлығының мүдделерін теңдей сақтауға тырыстық. Депутаттар жұртшылық пен бизнестің осыған қатысты алаңдаушылығы мен пікіріне жігі ден қойды. Оның барлығын мұқият зерделеді. Осы орайда Үкімет ұсынған Салық кодексінің жобасы Мәжіліс қабырғасында едәуір жетілдірілгенін айта кеткен жөн. Мемлекет басшысы айқындаған басымдықтың бәрі Салық кодексінің жана редакциясынан көрініс тапты, — деді Ерлан Қошанов.

Парламент депутаттары бастамашылық еткен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері туралы заң мен Салық және Әкімшілік кодекстерге енгізілетін ілесіп түзетулер екінші оқылымда қабылданды. Жұмыс тобының жетекшісі Екатерина Смышляева түзетулер тұрғындардың көпшілігі үйлерді басқару нысандары мен шарттарын таңдауына еркін құқықтық жағдай жасайтынын айтты.

— Кондоминиумды басқарудың екі нысаны енгізілді: мүлік иелерінің бірлестігі және тікелей бірлескен басқару. Қарапайым серіктестіктер өз жұмысын басқарудың екінші түрі ретінде жалғастырады. Басқару субъектілерінің екі түрі қолданылады: басқарушы компания және пәтер иелері кооперативі. Олар үшін тұрғындарға есеп беру, әр үйге жеке есепшот ашу және басқа да жана міндеттер енгізіледі, — деді депутат.

Сонымен қатар, оның айтуынша, пәтер иелері кооперативтерінің басқару субъектісі ретіндегі қызметіне жана талаптар қойылады. Олар: қайта тіркеу тәртібі, құқық белгілейтін құжаттарды беру тәртібі, жұмыстың ашықтығына, кірісті тек жарғылық мақсаттарға пайдалануына қатысты жана талаптар. Мүлік

иелері бірлестігіне үйді басқаруға байланысты қызметті өз еркімен жүзеге асыру құқығы беріледі.

Сондай-ақ заңда тұрғын үй инспекциясына барлық әкімшілік бап бойынша мемлекеттік бақылау және жылыту маусымына үйлердің дайындығын тексеру функциялары бар нормалар қарастырылған. Құрылыс салушылар бірінші пәтерді сатқаннан кейін кондоминиумды тіркеуге міндетті. Жиналыс хаттамасына ресми құжат мәртебесі беріледі, оның қолдан жасалғаны жалған болып саналады.

Бұдан бөлек, депутаттар құрылыс саласын жетілдіруге және тұрғын үй құрылысына үлес қосу мәселелері туралы заңды екінші оқылымда қабылдады. Жұмыс тобының жетекшісі Ерлан Әбдиевтің айтуынша, құжатта тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу шарттарын электронды түрде жасау мүмкіндігі және басқа да шаралар қарастырылған. Бұл ретте жергілікті атқарушы органдар шарттарды бірыңғай ақпараттық жүйе арқылы есепке алуға міндетті болады.

Түзетулермен жұмыс барысында депутаттар құрылыс салушылардың тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы заңнаманы айналып өтпес үшін алдын ала шарттар, брондау, инвестициялау шарттар жасауға тыйым салуды ұсынды. Енді тек тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы келісім ғана күшіне болады.

— Салынып жатқан көпшілік тұрғын үйдегі үлесті сатып алу төлемдерін жүзеге асыру бөлігінде түзетулер бар. Ол уәкілетті компанияның үлескерлерден төлемдерді ақшалай қабылдауына тыйым салынады. Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шартта үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат берілген нөмірі мен күнін көрсетудің міндеттілігі бекітіледі, — деді Ерлан Әбдиев.

Жалпы отырыста Мәжіліс 2023 жылғы 2 желтоқсанда Дубай қаласында жасалған Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктері үкіметтері арасындағы жел электр станса-сы жобасын іске асыру туралы келісімді ратификациялады. Жұмыс тобының жетекшісі Аян Зейнуллин құжат жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды ілгерілету, әзірлеу және іске асыру арқылы жаһандық жылынумен күресуге бағытталғанын атап өтті.

Келісімге сәйкес Жамбыл облысында екі ірі жел электр стансасының құрылысы салынатын болады. Олардың біріншісі 25 жылға тұрақты тариф белгіленеді. Әрбір жоба энергетикалық қуаттылығы 500 МВт болатын жел электр стансасынан, энергияны сақтау жүйесінен және электр тарату әуе желілерінен тұрады.

Мәжіліс Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісіміне өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялады. Құжатқа Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия және Өзбекстан президенттері 2022 жылғы 11 қарашада Самарқанд қаласында қол қойды.

Жұмыс тобының жетекшісі Юлия Кучинскаяның айтуынша, хаттаманың мақсаты — консультативтік бірлестік ретіндегі Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесін Түркі мемлекеттерінің толыққанды ұйымына айналдыру. Осылайша, құжат арқылы түркі мемлекеттері қол жеткізген ынтымақтастық пен интеграцияның жоғары деңгейі біріктіріледі. Басқа да нормалар қарастырылған.

Мейір ЖАСЫН



## ЕРЛІКТІ ЕСТЕ САҚТАУ – ҚАСИЕТТІ БОРЫШЫМЫЗ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов бастаған Парламент делегациясы Волгоградта «Ұлы мұра – ортақ болашақ» атты халықаралық форумға қатысты. Іс-шара Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналды.

Форумға Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Әзербайжан, Армения, Вьетнам, Куба, Моңғолия, Сербия, Словакия және басқа да елдердің Парламент делегациялары қатысты.

Қорытынды сессия Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин мен Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенконың қатысуымен өтті.

Форумның ашылуында сөз сөйлеген Ерлан Қошанов Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат шежіресіндегі ең қайғылы оқиғаның бірі ретінде қопұлтты Қазақстанның ортақ тарихының бір бөлігі болып қалғанын атап өтті.

— Біз осынау қасиетті жерде Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында жиналып отырмыз. Бұл

Жеңіс — дүниежүзілік маңызы зор тарихи оқиға. Соғысты, қаһармандарды, олардың ерлігін мәңгі есте сақтау — біздің қасиетті борышымыз. Осы орайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан әрқашан тарихи шындықтың және адамзат жылынамысындағы ең қанды қасап туралы шынайы көзқарастың сақталғанын қалайды» деген сөзіне назар аударғым келеді, — деді Мәжіліс Спикері.

Ол сондай-ақ Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Қазақстан бойынша екі мыңға жуық еске алу, ғылыми-зерттеу, ағартушылық және басқа да іс-шаралар өткізілетінін айтты. Астанадағы әскери шеру ең ауқымды оқиға болмақ. Мемлекет басшысының бастамасымен еліміздің түкпір-түкпіріндегі елді мекендерде бес

жүзден астам көшеге соғысқа қатысқан жергілікті қаһармандардың есімі беріледі.

Ерлан Қошанов соғыс жылдарында Қазақстанда барлық майданда шайқасқан ондаған әскери бөлім құрылғанын айтты. Жалпы, майданға 1,7 миллионнан астам қазақстандық аттанды. Бұл сол кездегі республика халқының төрттен бір бөлігі болатын. Олардың жартысынан астамы ұрыс алаңынан оралмады. 500 қазақстандық «Кеңес Одағының Батыры» атағын алды, 100-ден астамы «Данк» орденінің толық кавалері болды. Ал төртеуі екі мәрте «Кеңес Одағының Батыры» атағын иеленді.

Мәжіліс Спикері Сталинград майданында — Екінші дүниежүзілік соғыс тарихындағы ең ірі әрі қантөгісті ұрыстардың бірінде үш жүз мыңнан астам қазақстандық жауынгер ерлікпен шайқасқанын еске салды. Солардың төртеуі — Нұркен Әбдіров, Қарсыбай Сыпатаев, Тимофей Позолотин және Ғаяз Рамаев «Кеңес Одағының Батыры» атағына ие болды.

Сапар барысында Мәжіліс делегациясы Мамаев қорғанындағы еске алу



іс-шараларына қатысты. Мұнда депутаттар Сталинград қорғанысы кезінде ерлікпен шайқасқан қазақстандықтарға арналған ескерткішке және 1942 жылғы желтоқсанда 23 жасында шайқаста ерлікпен қаза тапқан Кеңес Одағының Батыры, қазақстандық әскери ұшқыш Нұркен Әбдіровтің ескерткіш тақтасына гүл шоқтарын қойды.

«Сталинград шайқасы» музей-панорамасын аралау кезінде Ерлан Қошанов Мәжіліс атынан музейге Нұркен Әбдіровтің туған жері Қарағандыда орнатылған ескерткішінің шағын көшірмесін сыйға тартты.

Сондай-ақ Қазақстан депутаттары форумның панельдік сессияларына және Батырлар аллеясындағы Мәңгілік алау жағу рәсіміне қатысты.



## ЖЕҢІС КҮНІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ ЖОҒАРЫ

Ұлы Жеңісті мәңгі есте сақтау – бұл өткенге деген құрмет қана емес, болашаққа бағдар. Нацизмді жеңуге елеулі үлес қосқан Қазақстан: тарихи шындық халықтарды бейбітшілік пен тұрақтылық жолындағы күресте біріктіруге тиіс екенін мәлімдейді. Бұл туралы «AMANAT» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев айтты.

Партия Хатшысы Мәскеуде өткен «Нацизмге қарсы Жеңістің маңызы. БҰҰ құрылуының сабақтары» атты халықаралық симпозиумда сөз сөйледі. Іс-шара «Единая Россия» партиясының «Тарихи жад» жобасы аясында ұйымдастырылып, онда

әлемнің ондаған елінен келген саясаткерлер мен сарапшылар бас қосты.

Өз баяндамасында Ержан Жылқыбаев Ұлы Отан соғысында қазақстандықтардың Жеңіске жетуге қосқан үлесін атап өтіп, Қазақстаннан 1,2 миллионнан астам адам

майданға аттанғанын, олардың 600 мыңнан астамы қаза тапқанын еске салды. Сондай-ақ ол республика майдан үшін маңызды тылға айналып, әскерді қажетті ресурстармен қамтамасыз еткенін айтты. Мәселен, он оқтың тоғызы Қазақстанда өндірілген қорғасыннан құйылған.

Спикер тарихи жадыны сақтау тақырыбына ерекше назар аударды. Ержан Жылқыбаев соғыс ардагерлерінің ерлігін мәңгі есте сақтауға бағытталған «AMANAT» партиясының жобалары туралы айтты: батырлар туралы кітаптар басылып шықты, ардагерлерге тиісті қолдау көрсетілуде. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, Қазақстанда Жеңістің 80 жылдығы



мемлекеттік деңгейде атап өтіліп жатқанын жеткізді.

«Ел аумағында ардагерлерге, тыл еңбеккерлеріне айрықша құрмет көрсетілуде. Сондай-ақ патриоттық акциялар, ерлік сабақтары ұйымдастырылуда. Ескерткіштер мен Даңқ мемориалдарын, «Мәңгілік алау» айналасын, батырлар жерленген жерлерді абаттандыру іс-шаралары өткізілуде. «AMANAT» партиясы Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандықтардың жанқиярлық ерлігі, Жеңіс күнін жақындатуға қосқан үлесі туралы тарихи шындықты келер ұрпаққа жеткізу жұмысын жалғастыра береді», – деді ол.

Ержан Жылқыбаев қазіргі сын-қатерлерге тоқтала отырып, БҰҰ-ның бейбітшіліктің кепілі ретіндегі маңызын атап өтті. Ол Қазақстанның бітімгершілік миссияларына белсенді қатысатынын еске салды: бүгінде Африка мен Таяу Шығыстағы БҰҰ-ның миссияларында 158 қазақстандық әскери қызметші өз міндетін атқаруда. Голан биігіндегі дербес бітімгершілік миссиясы арқылы Қазақстан Орталық Азияда толыққанды бітімгершілік контингенті бар елдердің қатарына енді.

«Бітімгер болу – бейбітшіліктің елшісі болу деген сөз. Сондықтан Қазақстан жаһандық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған барлық бастаманы қолдайды. Семей ядролық полигонын

жабу және әлемдегі төртінші ядролық арсеналдан бас тарту туралы тарихи шешімдер – еліміздің бейбітшілік қағидаттарына адалдығының айғағы», – деді партия Хатшысы.

Сондай-ақ Ержан Жылқыбаев Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматы қаласында Орталық Азия елдері мен Ауғанстан үшін БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары жөніндегі Өңірлік орталығын құру бастамасына делегаттар назарын аударды. Бұл орталық халықаралық ынтымақтастықты, экономикалық интеграцияны және тұрақтылықты нығайтуды қамтамасыз ететін маңызды алаң болмақ.

Айта кетейік, «Единая Россия» партиясы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай «Нацизмге қарсы Жеңістің маңызы. БҰҰ құрылуының сабақтары» атты халықаралық симпозиум ұйымдастырды. Партия өкілдері симпозиумға қатысушы елдердің делегацияларымен бірге тарихи жад, қазіргі әлемдегі БҰҰ Жарғысы қағидаттары мен нормаларының орталық рөлі мәселелерін талқылады. Іс-шараға «Единая Россия» партиясының төрағасы Дмитрий Медведев, партияның бас кеңесшісі Владимир Якушев, сондай-ақ Қытай, Сербия, Болгария, Әзербайжан, Алжир, Түрікменстан, Тәжікстан және өзге де елдердің партиялары мен парламенттерінің өкілдері қатысты.



## «ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК» КӨРСЕТІЛДІ



Елордадағы «Астаналық» базары бір күнге заңгерлік көмек орталығына айналды. Мұнда әр адам өз сұрақтарына жауап таба алды – несие міндеттемелерін шешуден бастап мүгедектікті рәсімдеуге дейін. Астаналық қалалық филиалы ұйымдастырған құқықтық көмек күні «AMANAT» партиясының қазақстандықтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған «Құқықтық көмек» және «Қарызсыз қоғам» сияқты ауқымды бастамаларының бір бөлігіне айналды.

Іс-шараның басты мақсаты – азаматтарға білікті заңгерлік және қаржылық көмекке қолжетімділік беру, сондай-ақ олардың қаржылық сауаттылығын арттыру болды. Күні бойы 50-ге жуық адам әртүрлі мәселе бойынша тегін кеңес алды. Біреулер үшін тұрғын үй бағдарламаларының шарттары маңызды болса, енді бірі жеке кәсіпкерлікті жабу мәселелерімен жүгінді, ал кейбіреулер үшін міндетті

әлеуметтік медициналық сақтандыру (ОСМС) арқылы медициналық көмек алу тақырыбы ерекше өзекті болды.

Заңгерлік және консультациялық көмекті Отбасы банкінің, «Қарызсыз қоғам» жобасының, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, Әділет департаментінің, адвокаттар алқасының өкілдері мен мәслихат депутаттары көрсетті.

«Өтініштердің ауқымы өте кең болды. Адамдарды мерзімі өткен несиелерден бастап жер рәсімдеу, банктердің жұмысы және денсаулық сақтау жүйесіне дейінгі түрлі мәселе қызықтырды. Мұндай бастама халық арасында сұранысқа ие болып шықты, сондықтан осындай іс-шараларды елордалағы басқа да сауда үйлерінде өткізу жоспарланып отыр», – деді партияның елордалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек.

Астана қаласы әкімдігінің коммуналдық тұрғын үй қорының кеңес беру және құжат айналымы бөлімінің басшысы Бекжан Сипат тұрғын үй мәселесі әлі күнге дейін көпшілік үшін ең өзекті тақырыптардың бірі екенін растады. Ол қазір кезекте тұрған азаматтар үшін жалға берілетін тұрғын үйді кейін сатып алу құқығымен алуға мүмкіндік беретін түрлі бағдарламаның жұмыс істеп тұрғанын еске салды. Әсіресе, бұл көпбалалы отбасылар мен әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға қатысты.

Жеке сот орындаушысы Алмаз Арстанбек те маңызды мәселені көтерді. Ол көбіне алимент және несие қарызы мәселелерімен жүгінетінін айтты. Оның сөзінше, көбіне адамдар несие рәсімдеген кезде шарттарын толық түсінбей, кейін қарызды кешіктіреді. Мұндай жағдайда банктер сотқа жүгінеді де, берешек өсіп кетеді. Алмаз мүлкті тәркілеу процедурасы басталмай тұрып, банктерге алдын ала барып, мәселені шешуге кеңес берді.

Шараға қатысқандар арасында жалға берілетін тұрғын үй мәселесі бойынша арнайы кеңес алуға келген ер адам да болды. Ол қала маңында тұратынын, бірақ Астанаға қоныс аудару мүмкіндігін қарастырып жатқанын айтты. Азамат ұйымдастырушыларға барлық қажетті әрі сенімді ақпаратты бір жерден алғаны үшін алғыс білдірді.



## КӨГІЛДІР ОТЫН ТАРТЫЛДЫ

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында Алматы облысы Жамбыл ауданы Қазыбек бек, Ақсеңгір, Жайсан, Көкдала және Б.Қыдырбекұлы ауылдарына газ тартылды.

Жобаны жүзеге асыруға 6,2 млрд теңге қаражат бөлінді. Бұл қаражат тәулігіне 15 мың текше метр газ өткізуге қауқарлы станса салуға ғана емес, сонымен қатар аталған ауылдарға магистралды газ құбырын тартуға мүмкіндік берді. Осылайша, 3 мыңнан астам үй, 26 әлеуметтік нысан және 14 мыңнан астам тұрғын газ жүйесіне қосыла алады. Қазірдің өзінде шамамен 700 үй көгілдір отынға қол жеткізді. Бұл жұмысты бірнеше мердігер компания жүргізуде. Бір үйді газға қосу құны шамамен 160-250 мың теңгені құрайды.

Бүгінде Жамбыл ауданына қарасты 61 елді мекеннің 36-сы, яғни 59%-ы

газға қосылған. Сонымен қатар тұрғын үйлердің 82%-ы табиғи газ пайдаланып отыр. Жалпы, Алматы облысында 157 елді мекен газбен қамтамасыз етілген. Онда шамамен 1,2 млн адам тұрады. Жыл соңына дейін тағы 12 ауылға газ тарту жоспарлануда. Бұған 6,7 млрд теңгеден астам қаражат қарастырылған. Ал жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге қосымша 1,4 млрд теңге бөлінді.

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы алдағы уақытта да жүйелі жүзеге асырылып, халыққа берген үәде толық әрі сапалы орындала береді.

Елнар ЕЛТАЙ



# 1 МАМЫР -

## ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ



1 МАМЫР 2025 | БЕЙСЕНБІ

Қазақта «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» дейтін мақал бар. Өнетін істің басында бірлік тұратынын меңзейді. Баршаның баласын бауырға басқан Қазақстандағы өнімді істердің қайнарында да бірлік пен ынтымақ тұр. 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні мейрамы осы ынтымақ пен берекеге көрсетілген құрмет болса керек. Осы ретте біз осынау мейрамның және ынтымақтың мәні жайлы білмеке Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Наталья Дементьеваны сөзге тартқан едік.

– 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні мейрамы сипаты бөлек мереке ғой. Мазмұнын қалай бағалайсыз?

– Тарихи кенестік кезеңдегі еңбекшілердің ынтымақтастығына барып тірелгенімен, бұл мейрам қазір ортақ үйіміздегі берекені сипаттайтын мереке. Мейрамның сипаты бұрынғы еңбек пен бейбітшілік ауқымынан асып, халық бірлігін дәріптейтін, ұлттар достығын насихаттайтын жаңа белеске шыққаны анық. Жылдар бойы осынау мейрам өзінің мән-мазмұнын байыта түспесе, кеміткен жоқ. Мейрамның атауы өзгертілген сәттен бұрын да, одан бері де Қазақстан ұлтаралық ынтымақтың, өзара түсінісудің жарқын үлгісін көрсетіп келе жатыр. Елімізде әлем елдерінде теңдесі жоқ «Қазақстан халқы Ассамблеясы» құрылды. Қай ұлтқа болмасын өз тілін, дәстүрін, дінін дәріптеуге еркіндік берілді. Қазақстан «бейбітшілік аралы» ретінде ТМД кеңістігінде, жалпы әлем картасында ұлтаралық татулықты үлгі еткен ел боп танылды. Ал бүгінгі халықтық мейрам оны бекіте түседі. Біз бүгінгі бірлігімізді қастерлеп сақтауға тиіспіз. Өйткені қазір геосаяси жағдай ұшығып барады, халықаралық қатынастар күрделеніп түсті. Ал оның ел ішіндегі қоғамдық-саяси процестерге, соның ішінде этносаралық қатынастарға, ұлтаралық достыққа салқыны тиюі қауіпті жөке емес. Ендеше ендігі мақсат – осы концепцияны нығайта отырып, келешек ұрпаққа аманаттап жеткізу.

Осы тұста бұл күннің тарихына қысқаша тоқтала кеткен жөн. Қазақстан халқының бірлігі күні – уақыт талабынан, заман сұранысынан туған мереке. Оны барлығымыз да білеміз. Оның бастауында зобалаң жылдар да, Ұлы Отан соғысы да, индустриализация кезеңі де жатыр. Ал осының бәрі бірнеше тоқпандан тұратын үлкен-үлкен көші-кон арқылы жүзеге асты. XX ғасырдың басында Қазақстанда титулды этнос – қазақ ұлты басым болған болса, 1930 жылдардан бастап республикаға миллиондаған өзге ұлт өкілі келе бастады. Көпшілігі еркіннен тыс жер аударылса, кейінгілері – еңбек мигранттары. Бұл тұста, ашы да болса айтылуға тиіс шындық бар: КСРО-ның ұжымдастыру саясаты мен

Наталья ДЕМЕНТЬЕВА, Мәжіліс депутаты:

# ҰЛТАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚТЫ ҮЛГІ ЕТКЕН ЕЛМІЗ

ұлтматты жылдардағы ашаршылық пен қуғын-сүргін қазақтың санын едәуір азайтып кетті. Міне, осылайша еліміз көпұлтты мемлекетке айналды. Бүгінгі күннің бір сабағы – осы, оны ұмытпауға тиіспіз.

– Күні кеше ғана Президенттің қатысуымен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойына арналған жиын өтті. Ендеше ҚХА-ның кешесі мен бүгінгі өзінің қандай баға берер едіңіз?

– Жалпы 30 жылдың ішінде Ассамблея жан-жақты трансформациядан өткен іргелі ұйымға айналды. Өйткені ең басында оның мәртебесі мүлдем басқа еді. Әуелгіде оған консультативті-көмекші орган ретінде қарап, оның болашағына күмәнданушылар көп болды. Дегенмен Ассамблея өзінің тиісті орнын, өзінің маңызды рөлін дәлелдеп шықты деп айтуға хақымыз бар. Ол бүгінгі күнге дейін қаншама жетістікке жете отырып,

жұмыс істейді. Бұдан басқа, «Еріктілер клубы», меценаттар тобы бар. Осылардың барлығы өзінің тиісті міндетін атқарып, халықтар достығына, ел дамуына өлшеусіз үлес қосып жүр. Шындығына келгенде, жалпы Ассамблеяның өз жұмыс бағыты бойынша атқарылып жатқан шаруа өте көп. Олар көзге көрінбейтін, ешкімге айтылмайтын, сағаттың тіліндей бір жүйеге келтірілген бірлік пен ынтымаққа бастайтын жұмыстар.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясының кеңейтілген пленарлық отырысында сөйлеген сөзіне қатысты қандай ой қоса аласыз едіңіз?

– Әрине, бұл жиынның болғанын, мерейтойлы отырыста ел Президентінің сөйлегені асыға күттік, оны ерекше ынтымақпен тыңдадық десек болады. Өйткені Қасым-Жомарт Тоқаев өткен 30 жылдық тарихқа баға

«**Сондықтан тағы да айтарым, тілді үйренуді мәжбүрлеуге болмайды. Егер қолайлы жағдай жасап, сұраныс тудырарлықтай дәрежеге жеткізсек, қазақ тілін үйренем деушілердің қатары арта түспек.**»

өзінің конституциялық мәртебесіне ие болды. конституциялық реформаларға дейін Парламент Мәжілісінде Ассамблеядан 9 депутат тағайындалатын болса, қазір Парламент Сенатында бұл ұйымнан 5 депутат өкілеттік етеді. Олар елдегі барлық этностың мүдделерін қорғап, әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысып жүр. Мұның өзі Ассамблеяның жоғары мәртебесін білдіреді. Одан басқа, Парламентаралық ассамблеялық топ бар. Оған – Мәжілістен 20 депутат, Сенаттан 10 депутат мүше. Олар қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік саласындағы заңнамалық үйлестірулі, Парламенттің Ассамблея және өзге де азаматтық қоғам институттарымен өзара тиімді іс-қимыл жасауын қамтамасыз етеді. Жалпы барлық депутаттың алдында бір ғана міндет тұр – әр күн сайын алғы шепте болу, батыл шешімдер қабылдау және сол үшін халық алдында жауапкершілік алу. Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі Ассамблеяның бұрынғы Ассамблеядан айырмашылығы жер мен көктей. Қазір бұл ұйымның құрамында «Аксақалдар кеңесі», «Аналар кеңесі», «Этно-медиация институты» сияқты түрлі бағыт

беріп қана қоймай, алдағы даму жолына бағыт берді. Биылғы сессия ерекше өткенін атай кеткім келеді. Мемлекет басшысының айтқан сөздеріне толығымен қосыламын. Елімізде этносаралық бірліктің нығайуына әрбір азамат мүдделі болуға тиіс. Ел бірлігін біз тек ұлттар мен этностарды ғана емес, еліміздегі 20 миллионнан астам халықтың барлығын біріктіретін қағидат ретінде қабылдауымыз керек. Тауығымызды көзіміздің қарашығындай сақтауымыз қажет. Бұл дегеніміз – баға жетпес байлық. Оны келесі ұрпаққа жеткізуге тиіспіз!

Ассамблея сессиясында ел Президенті мемлекеттік тілдің мәртебесіне ерекше тоқталды. Қасым-Жомарт Кемелұлының: «Елімізде азаматтар бір-бірін немесе мінберде сөйлеп тұрған адамды «мына тілде сөйле» деп мәжбүрлеуге тиіс. Тіл мәселесін ту етіп қоғамда алауыздық туғызғысы келетін, ел ішіндегі жағдайды шиеленістіруге ұмтылатын әрбір әрекетке тосқауыл қойылып, заң жүзінде жазаланады. Бұл ретте үйіміздің ғана емес, шетелде отырып әлдебір ұйымдардың ақшасы мен тапсырмасына деструктивті әрекетпен айналысатын аран-

датушылар туралы да айтып отырмыз», – деген сөзіне толықтай қосыламын. Өз басым қазақ тілін насихаттауға сонау университетте оқып жүрген кезімнен-ақ атсалысып келемін. Содан бері бір нәрсеге көзім анық жетті. Кез келген тілде сөйлеуге адамды мәжбүр ету өте қиын. Адамның өзінің ниеті бар болса жетеді, ол қай тілде болса да, түсінісе алады.

Ал мемлекеттік тілдің өзі туралы айтар болсам, осыдан 10-15 жыл бұрын қазақ тілінде сөйлейтін адамдардың қатары саусақпен санарлық еді. Ал қазір мемлекеттік тілге қызығушылық танытып жүрген өзге ұлт өкілдерінің қарасы қалып. Тіпті, ел азаматтары ғана емес, шет мемлекеттерден келіп қазақ тілін үйренсем деп жүрген шетелдіктер де бар. Оларда өз елдерінде ондай қажеттілік жоқ, бірақ дұрыс жүргізілген саясаттың нәтижесінде біз олардың ынтымағына, ықыласына ие болып отырмыз. Бұл – өте қуанарлық жағдай! Сондықтан тағы да айтарым, тілді үйренуді мәжбүрлеуге болмайды. Егер қолайлы жағдай жасап, сұраныс тудырарлықтай дәрежеге жеткізсек, қазақ тілін үйренем деушілердің қатары арта түспек.

– Өзіңіз туралы айтып өтсеңіз? Қысқаша өмір жолыңыз, депутаттық қызметіңіз туралы не айтар едіңіз? 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесінің сіздің әулетте, отбасыңызда алатын орны қандай?

– Мен орыстілді отбасында дүниеге келгенмін. Ата-анам қарапайым жұмысшы адамдар. Өзім орыстілді мектепті бітірсем де, қазақ тілі мен әдебиетін оқытатын оқуға түстім. Көкшетау қаласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы Педагогикалық университеттің Филология факультетінде оқыдым. Оны 4 жыл оқып бітіріп шыққан соң 2002 жылы Көкшетау қаласындағы Дарынды балаларға арналған техникалық лицейге қазақ тілі мұғалімі болып жұмысқа орналастым. Сол жерде 17 жыл бойы ұстаздық жолдың барлық баспалдағынан өтіп, Мәжіліске келмес бұрын соңғы 6 жыл бойы осы лицейдің директоры боп қызмет атқардым. Басшылық қызметте де мұғалімдік тастамадым. Жоғары сынып оқушыларына қазақ тілінен, қазақ әдебиетінен сабақ бердім. Парламентке бұған дейінгі VII шақырылым кезінде Қазақстан халқы Ассамблеясының атынан тағайындалған депутат ретінде келдім. Онда

мемлекеттік тіл мәселесімен, әлеуметтік проблемалармен, заңнамалық жұмыстармен айналыстым. Ал қазіргі VIII шақырылымда ҚХА мүшелігімен қатар, «AMANAT» партиясының өкілімін. Көптеген заң жобасымен аймақтарда халықпен жұмыс жүргізіп жатырмыз. Өз басым қай өңірге барсам да ондағы этносаралық жағдайдың қандай екенін назарымнан тыс қалдырмай емеспін. Сол жердегі «Достық үйі» қалай жұмыс істеп жатыр деп көңіл бөлем, міндетті түрде этномәдени бірлестіктердің төрағаларымен кездесіп, әртүрлі маңызды мәселені талқылаймын. Одан кейін ондағы сұрақтарды Парламент қабырғасында көтеріп, шешімін табуға атсалысып жүрмін. Әрине, Парламенттегі жұмыс өте күрделі әрі мәнді, мазмұнды. Соның ішінде Парламентаралық топ тоқсанға бір рет жиналады, ал керек кезінде жаз келген уақытта жиналуға өзір. Ел бірлігін сақтау жолында шешімін күткен мәселелерді қашанда кейінге қалдыруға болмайды. Өйткені түрлі этностың көзқарасы да, менталитеті де, ділі де әртүрлі. Сол себепті ел бірлігі концепциясын міндетті түрде бірге талқылап, этносаралық келісімді одан әрі нығайту үшін не істеу керекін күнделікті күн тәртібіне қойып отырмыз.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесінің сіздің әулетте, отбасыңызда алатын орны қандай? деген сұрағыңызға келетін болсақ, менің отбасымыз «кішкентай ғана Ассамблея» деп айтуға болады. Өйткені күіеуімнің ұлты басқа, өзім өзге ұлт болсам да мемлекеттік тілді жақсы білемін, жолдасым да қазақша жақсы меңгерген. Баламыз қазір әскерде, өзінің Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп жүр. Оны әдейі қазақи ортаға түссін деп, қазақшасын жетілдірсін деп Маңғыстау жеріне жіберіп отырмыз. Сондықтан да мен үшін ел бірлігі – жай сөздер емес, тағдырымызды тамырлас ұғым екенін айтқым келеді. Ол – менің жүрегімде сақталып тұрған үлкен қағидат! Сондықтан да оны қашанда балаларыма, немерелеріме жеткізуге тырысамын. Ол менің перзентім пазымы!

– Өңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Нұрлан ОРАЗҒАЛИЕВ

# БЕРЕКЕ БАСТАУЫ – БІРЛІК

Бірлік – барлық игіліктің бастауы. Мемлекеттің мәңгілік тұрмағы, тәуелсіздіктің берік болмағы, жердің тұтас болып қалмағы, елдің өркендеу жолынан таймауы – бәрі халықтың бірлігіне, ынтымақты тірлігіне байланысты. Мысалға, Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банктің атаулы ЖІӨ бойынша әлемдік рейтингінде Қазақстан 2019 жылғы 56-шы орыннан 2025 жылғы 43-ші орынға дейін көтеріліп, абыройы аспандап отыр. Бұл да елдің өрлігі, ердің еңбегі, бірліктің жемісі.



ұсынылды. Бірінші орынға Қазақстан Республикасының паспорты шықты: ел азаматтарының жартысына жуығы, 46%-ы оны негізгі біріктіруші факторға балады. Тағы 39,9%-ы Қазақстан жерінде туып-өсуі және ортақ ата-бабалардың болуын біріктіруші тұғыр деп есептейді. Сондай-ақ, қазақстандықтардың үштен бірі, 32%-ы ұлттың біріктіруші элементі ретінде мемлекеттік тілді атап көрсетті.

Сауалнамаға қатысқан әрбір бесінші адам (21,8%) елдің жетістіктері үшін мақтаныш сезімі мен патриотизм де ұлтты біріктіретінін жеткізді. Ал, 21,3%-ы бірлік үшін баршаға ортақ нормалар, мінез-құлық пен құндылықтар қажет деп тапты. Бұл ретте жауап берушілерге бірнеше жауап нұсқасын тандауға мүмкіндік берілген. Осыдан туар ортақ ой: азаматтарымыз бірліктің ұстыны деп таныған осы факторлардың бәрі де маңызды, барлығы да ары қарай ілгерілетуге лайық.

Сарапшылар елдің бірлігін нығайтуға ықпал етуші институттардың бірі – Қазақстан халқы Ассамблеясы екеніне назар аудартады. Этносаралық қатынастарды үйлестіру үшін құрылған бұл бірегей институтқа биыл 30 жыл толып отыр. Осы кезеңде оның құзыры нығайды. Мәртебесі тікелей Ата заңда бекітілді. Заң бойынша оның барлық шешімі мемлекеттік органдар үшін орындалуға міндетті.

Қ.Тоқаевтың саяси реформалары аясында институтоналды жаңғырту жүргізілді. 2022 жылдан бастап ҚХА заң шығарушы билікте – Парламент Сенатында өкілдік етеді. Мемлекет басшысының Жарлығымен ҚХА ұсынысы бойынша 5 депутаты та-

ғайындалды. 2023 жылғы маусымда Президенттің тапсырмасымен «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобы құрылды. Оның жауапты миссиясы – ел бірлігін заң жүзінде нығайту.

ҚХА бүгінде қоғамның көптеген санатын қамтиды. Сарапшылар оның елдегі ең бұқаралық, халықшыл ұйымның бірі екеніне екпін түсіреді. Ассамблея 4 мыңнан астам қоғамдық құрылымдан тұрады. Олардың аясында 50 мыңнан астам адам елдегі бірлік,

«**Сарапшылар елдің бірлігін нығайтуға ықпал етуші институттардың бірі – Қазақстан халқы Ассамблеясы екеніне назар аудартады. Этносаралық қатынастарды үйлестіру үшін құрылған бұл бірегей институтқа биыл 30 жыл толып отыр.**»

бейбітшілік пен бітімді бекемдеу жолында тынымсыз, тұрақты қызмет етеді. Қазақстан бойынша 1 мыңнан астам этномәдени бірлестік те жұмыс істейді.

Ұлт пен ұлыс, мәдениет пен мәдениет арасындағы интеграция мен коммуникацияны жоңға қоюда, түрлі салт-дәстүр, тіл мен татулықты сақтауда Ассамблеяның қоғамдық құрылымдары үлкен рөл атқарады. ҚХА-ның біріктіруші әлеуеті де солар арқылы жүзеге асырылады екен.

Мәселен, Президент бастамасымен 2023 жылы «Аксақалдар кеңесі» құрылды. Елдің барлық өңірінде 1100-ден астам ҚХА Аксақалдар кеңесі қалыптастырылды. Оның

құрамына көнекөз, көкірегі көмбе, ақылы асыл қазына делінетін сегіз мыңдай аксақал, сондай-ақ елге сыйлы танымал тұлғалар, қоғамдық пікір көшбасшылары, этномәдени және ардагерлік ұйымдардың беделді өкілдері кіреді. Бір жыл ішінде Аксақалдар кеңесі 200 мыңнан аса адамды қамтыған түрлі іргелі, ізгі іс-шара өткізген.

Бүгінде аксақалдар этномедиацияны, қоғамдық қабылдауларды табысты өткізіп, араздасқан отбасыларды табыстыруға атсалысады, азаматтарға түрлі ақыл-көңес береді. Президенттің «Заң мен Тәртіп» қағидатын орнықтыру үшін бас бостандығынан айыру орындарын аралап, адасқандарды ақ-адал жолға түсіруге күш салады. Суицидтердің, діни экстремизмнің алдын алуға септеседі. Мұның сыртында Аксақалдар кеңесінің белсенді мүшелері өзі тұрғылықты тұратын ауданның абадануына, тазалықтың сақталуына, ауызсумен, әлеуметтік объектілермен қамтылуына, тұрғындарды алаңдатқан басқа да мәселелерді шешуге сүбелі үлес қосып келеді.

– Ел бірлігі үшін зиялылар бірлігі, берекелі тірлігі маңызды. Абай бабамыз өсиет еткендей, алдымен ақылға бірлік керек. Зиялы қауым – ұлттың айнасы, ауызбірліктің таразысы. Құндылықтар құнсызданған құбылмайы заманда саналы қауымның «құбылса» қашанда бірлік болуға тиіс. Аксақалдар, аға ұрпақ бірінші кезекте елдікті, бірлікті қуатты сөзімен насихаттауға, нығайтуға үлес қосу керек, – дейді Ассамблея мүшесі, Qazaqstan Ardaгерлері Қауымдастығының төрағасы Бақытбек Смағұл.

Ассамблеяның Аналар кеңесі де елге шуағын төгіп, жарқын болашаққа ақ жол, адал ниет нұсқап, елдің өркенді өнегесін, ырысты несібесін ұлғайтуға үлес қосып жатыр. 1700-ден аса Аналар кеңесінің құрамында 16 мыңдай адам «Мәдениетті ана – Мәдениетті ұлт» ұранды жобасын іске асырды. Аналар елде отбасы институтын нығайтып, сақтау, ұрпақ бойына рухани, адамгершілік құндылықтарды сіңдіру, жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу сияқты маңызды міндет-миссияны жүзеге асырады. Үкіметтік емес ұйымдармен бірге көп балалы отбасыларға, әйелдердің кәсіпкерлігін дамытуға көмектеседі.

Еліміздің 20 өңірінде «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің филиалы ашылған. Президенттің тапсырмасымен 2021 жылғы қазанда құрылған бұл құрылымға 9 мыңнан аса жас тартылышты. 40 шақты «Достық үйі», яғни, Ассамблеяның республикалық, халықаралық жобаларын жүзеге асыратын, интеграция, медиация және волонтерлік бойынша көпфункционалды ресурстық орталықтары жұмыс істейді. Сондай-ақ ҚХА Медиация кеңестерінің 1,2 мыңнан астам медиаторы жанжалды, қақтығысты жағдайлардың профилактикасымен айналысып, этномедиация жұмысын жүргізеді.

Тұтастай алғанда, 2024 жылы ҚХА барлық өңірде 15 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырып, оған 1 миллионға жуық адам қатысты. КСЗИ стратегиялық талдау бөлімінің бас сарапшысы Гүлмира Тоқанованың айтуынша, Қазақстан халқы Ассамблеясы – этносаралық келісімді сақтап, нығайтуға бағытталған басты бір институт.

–Елдегі мыңнан аса этномәдени бірлестік үшін дінге ұйым бола отырып, ҚХА этносаралық қатынас саласында да, сондай-ақ мәселелердің кең ауқымы бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастыруда да әртүрлі этникалық топтың атынан сөйлеп, мүддесін ілгерілеті алады. Бірақ оның міндеті мен әлеуеті мұнымен шектелмейді. Өте кең тараған желісі мен күрделі құрылымы Ассамблеяға елдің бүкіл өңірінде, бір мезгілде және түрлі бағытта жұмыс істеуге мүмкіндік береді, – делі бас сарапшы.

Г.Тоқанова барлық дерлік мемлекетте полиэтникалық және мультимәдени қоғам орнатын қаперге салды. Мұндай жағдайда мемлекет замана толқынында бордай тозып, тастай үгіліп, құмдай шайылып кетпей, ілгері озып, алға қадам басып, өркендеймін десе, бірінші кезекте «алабабақ» қоғамын өзара алауыз емес, бірауызды етіп, бірлікте ұйықтаны жөн. Бұл тұрғыда Ассамблея барлық этносқа арналған «үлкен диалог алаңы» қызметін атқарып келеді.

Заман ұлтмат, әлем әлемтапырық болған сайын елдер, діндер, ұлттар арасында қақтығыс жиілейтін күрделі кезеңде Қазақстан алдындағы өмірлік маңызды міндет өзгермейді: этносаралық татулықты сақтау, ел бірлігін нығайту, әрбір адамның құқықтары мен бостандығын қорғау.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХА-ның XXXIV сессиясында мемлекет алдындағы басты міндет ретінде – халықтың татулығы мен ауызбіршілігін, мемлекетіміздің тұтастығы мен киелі Тәуелсіздігімізді нығайтуға атады. Алдағы уақытта да солай болып қала бермек. Осы құндылықтардан айрылмасақ, айбынды етсек, Азаттықтың жетістіктерін еселеп, жемісін арттырып, елді келер ұрпаққа аман аманаттай аламыз.

Елдос СЕНБАЙ



# ҒАБДУЛЛИННИҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН КӨРГЕН МАЙДАНГЕР

Елімізде Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан майдангерлерден Түркістан облысында бар-жоғы сегізгі ғана қалыпты. Солардың бірі – жасы жүзді алқымдаған Мырзахмет Жылысбаев.

Мырзахмет асқақал Қозымолдақта дүниеге келген. Бір жасқа толартолмаста әкесі дүниеден озыпты, содан анасы Хатша жиырма жетісінде жесір қалып, Мырзахметті жетелеп жүріп жеткізіпті. Анасы Хатша туралы майданда жүрген қайыңдары елге жазған хаттарында: «Жүрме екен аман-есен шіркін Хатша, Жолында қарамаушы еді алтын жатса», — деп аман-дүңгін сұрайды екен. Осы олең жолдарын айтқан кезде Мырзахмет Жылысбаевтың қарлығын қарап қалған дауысы қаттықатты, көтеріңкі шықты. Асқақалдың тебіренісінен анасына деген бала махабатын, ананың жарына деген адалдығына деген құрметін, мақтанш сезімін байқадым. Жүзге келсе де жүрегі әлі бала, қандай табиғаты таза азамат. Әр ананың перзенті осындай-ақ болсын. Тоғыз ай, тоғыз күн көтерген анасына деген сағынышын, қимастығын Мырзахмет асқақалдың қартайғандағы бала сезімін, бала үшін ұғыну үшін анасына деген ерекше құрметін қасында отырып құлағыңмен тындау керек. Асқақалдың дауыс ырғағы, үн тербелісі анасы туралы тенеуді айтқанда өзгеріп, жарысп сал берді. Көңіл күй құлпыруы деген осы болар. Анаға деген жүректі жарып шыққан құрметтен, қимастықтан, сағыныштан айналды жарырап ұлы бағалап отыр. Шіркін, баланың бәрі осындай болсағой... Не деген отбасындағы шынрауды еңбек пен адалдық арқылы жаңғыртатын мол үлгілі тәрбие. Тәрбие болғанда қандай, ұлтымызға өнеге болар тәрбие.

Өңгімеміз ары қарай жалғаса берді. Мырзахмет Жылысбаев Қозымолдақтағы жеті жылдық мектепті бітірген соң егінге қарауыл, табельші, сауат ашу мектебінде мұғалім болып жұмыс істеген. 1944 жылдың қазанында әскерге алынып, Чкалов қаласы маңындағы әскери полigonда жаттығып, майдан даласына аттанды. Белоруссия майданында генерал-полковник Батовтың №92 автоатқыштар полкында соғысады. Дәл осы сәттер оның табандылығын көрсететін жауапты уақыт болатын. Барынша өршіл, намысшылдығымен жауды мықты тіректерін бұғағы, көптеген селоларды азат етуге қатысты. Соғыстың соңғы кездері болса да алған бетінен қайтпайтын, мақсат қоя білетін қайсар мінезімен өзге жауынгерлерге үлгі болды, ерліктері ескеріліп «Қызыл жұл-

дыз» орденімен, көптеген медальдармен марапатталды. Жеңіс күні жарияланған соң жауынгерлер елге орала бастады. Алайда Мырзахмет Жылысбаев әскерде қалдырылып, 1945-1950 жылдар аралығында құпия бөлімде іс жүргізуші болып қызмет атқарды. Осылайша, Қозымолдақ-Сызғаннан шыққан қара бала құпия қызметтің қыр-сырын біліп, тәжірибе жинақтады. Құпия қызметті жақсы игере бастағанын көрген әскери басшылар қызметті ары қарай жалғастыру үшін барлау қызметін ұсынды. Қызмет болғанда құпия барлау қызметіне Жапония, Қытай, Корея, Вьетнам, Монғолия елдері ұсынылды. Бірақ Мырзахмет Жылысбаев құпия барлау қызметінен бас тартты. Полковник оған қарап тұрып: «жақсылап ойлан, осы жұмысты жалғастыр, бес жыл құпия оқуды менгердің, тәжірибең де бар», — деп ақылын айтты. Полковниктің ақылын тыңдамастан, ол екі көзі төрт болып отырған анасын аңсап, елге оралып, 1950-1953 жылдар аралығында Сосак селосындағы В.Ленин атындағы мектепте мұғалім болды. Мұғалім бола жүріп, майданнан алған темірдей тәртіп пен ерекше талпынысының пайдасын көрді. Елге адал қызмет етуге білім мен біліктің қажеттілігін түсінген ол 1953 жылы Алматыдағы ҚазПИ-ге құжат тапсырып, жоғарғы білім алуды мақсат етеді, емтиханды тапсырғанымен, конкурстан өте алмай қалады. Бірақ қалайда қалаған оқуына түсу үшін Оқу министріне өтініш хат жолдайды. ҚазПИ-дің ректоры өзі сияқты майдангер Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин екенін білген соң, Оқу министрінен оқуға қабылдау туралы хат келер деген үкілі үмігін үзбейді. Ауылына қайтпай, күнде деканның есігіне тыныштық бермей, күтүмен жүреді.

«Сол кезде хаттар мен шағым-өтініштер қараусыз қалмайтын еді», — дейді асқақал. «Бір апта өтті-ау дегенде деканнан «Сені бүгін ректор қабылдайды, алысқа кетіп қалма» деген сүйінші хабар алған соң, деканатты айналшықтап жүрдім. Бір кезде декан мені ректорға алып кірді. Ректор орнынан тұрып қолымды алды, қасындағы қабырғаға тақау тұрған орындықта отырған ұзын бойлы орта жастағы кісіні «парторг» деп таныстырды. Көп сөзге келген жоқ, «соғысқа қатысқан екенсің балың төмен болған, емтиханды қайта тапсырасың», — деді де есікке дейін арқамнан қағып шығарып салды. Не деген қарапайымдылық, не деген камкор-



лық десеніші?! Мен арқадан қағудың күш беретінін алғаш сонда түсіндім. Емтиханды тапсырдым, Химия-биология факультетіне қабылдандым», — дейді Мырзахмет Жылысбаев Мәлік Ғабдуллиннен бірінші рет көрген жақсылығын тебірене еске алып...

Оқуға түсерін түскен соң, жатақхана да жоқ, стипендия да ала алмай біраз қиындықты бастан өткізуіне тура келеді. Соғысқа қатысқан ағы бар, жасы да отызға жақындап қалған, группаластарына қарағанда ересек. Майдангердің айтуынша, ол кезде 17-18 жастағы группаластарымен де сырласып, шүйірлеске алмай қиналады. «Түрім де ересек көрінетін, айнаға қарап байқаймын», — дейді асқақал...

«Олар бір төбе, мен бір төбе. Бір айды итшілеп өткіздім. Көп ұзамай Өзбекстанға мақта теруге баратын болдық. Деканым қасыма келіп: «Егер де мақта терудің нормасын орындамасаң, бірінші болып оқудан сен шығарыласың», — деді. Деканның сөзі үнемі жалымда жаттаулы, таң алакеуімнен қас қарайғанша мақта теріп, қапшық-қапшық мақтаны жайып кептіріп, күніне екі рет сәскеде бір және кешке тағы да бір өткізетін болдым. Күнделікті норма 100 кілограм болса мен 250 кілограм «передовик» болдым, оны аз десен, әр кілоға санап рубль береді. Табандылықпен төккен тер, еткен еңбек өтеліп, бір ай өткенде еңбекқамды алып, Ташкентке жігіттермен бірге барып, ГУМ-нан шыртытай киініп алдым. Қолымда ақша бар. Көңілім көтеріле бастады, группадағылармен де жақсы араласып кеттім. Жиын-терім біткен

соң «екі-үш күнге ауылдарына барып келіңдер» деп деканымыз бәрімізді босатты.

«Қолымда Ташкент шаһардан алған төрт бұрышы темірмен ешекейленген бояған тастай картон шамадан. Іші тола қыстық, жаздық киімдерім. Ауылға келіп екі-үш күн анамның қою шөйін ішіп, суретін жеп, рахаттанып жолға шықтым. Автобус жоқ. Пойызды ешкім көрмеген уақыт. Жалпы, Сосак ауданында теміржол болмаған. Топырақ жолдың бойында қол көтеріп тұрғаныма қауын артқан машина тоқтап, Алматыға жетіп алдым. Жол ақысын берсем, қауынның иесі алмай қойды. Содан не керек Алматыдағы базардың дәл қақпасының алдына келіп тоқтады да үйреншікті әдеті болса керек, келісіп шығамын деп қауынның иесі қақпадан ішке кіріп кетті. Іле-шала қауынның шофермен екеулеп түсіре бастады. Қол қусырып тұру ынғайсыз рахмет деп кете салуға қысылып мен де шамаланды қоя салдым да бірге қауынды түсірісе бастадым. Қауынды жеген жақсы, түсіру уақыт алады екен. Қара терім шықты. Кеш батып барады. Түнейтін жерім де жоқ, үстімді қағып-сілкіп шамаландымды әкетейін десем, шамаландым үшті-күйлі жоқ. Ешкім ештеңе білмейді. Базардағы милициялар отыратын пунктке барып арыз жаздым. Бір милиция бетіме қарап тұрып: «Қазақ аулы емес, кім шамаланды қараусыз қалдырады» деді. Киім де жоқ, құжат та жоқ. Өстіп бәрін жұлды болып мойным сабырап, ұнжырағам түсіп институтқа келдім. Алғашқы кезде жігіттердің киімін ауысып киіп жүрдім. Қашанғы бере бер-

сін, олар да қиналатын түр көрсете бастады. Күн суып келеді, ешкімде артық қысқы киім жоқ, тағы да ректор Мәлік Ғабдуллинге кіріп көмек сұрадым. Ректор кәсіподақ төрағасын шақырып, аздап ақшалай көмек берейік, бірақ көп емес, ал құжаттарыңды түбірінен алдыртып беруге көмектеседі деп тағы бір жігітті шақырып, тапсырма берді. «Бұл студент соғысқа қатысқан, қалада ешкімі жоқ сен осы тапсырманы тездетіп бітір сосын маған айт», — деді. Стипендия сұрап, бөлек өтініш жазып барған қағазыма бұрыштама қойып берді. Сөйтіп, стипендия да алатын болдым. Осылайша, Мәлік Ғабдуллиннің екінші жақсылығын көрдім», — дейді асқақал әңгімесін жалғай түсіп...

Жасы отыз бірге келгенде институтты бітіріп, қолыма диплом бір тисе деп жүрген студент Мырзахмет Жылысбаевтың ректор Мәлік Ғабдуллин алдын ала шақырып алады да «Біз сені шетелдердегі қазақ мектептерінің біреуіне мұғалім етіп жіберуді шешіп отырмыз», — дейді. Күтпеген жаңалықты естіп, шошып кеткен Мырзахмет, өлердегі сөзін айтып, «Жаныңыз ашыса, мені елге жіберіңізші. Анама обал, жиырма жетісінде жесір қалып, менің жолымды күтіп жүр еді, түсінізші», — деп жалбарынғандай болады. «Бұл саған берілген мүмкіндік еді, бұндай жолдама кез келгенге берілмейді, ал сен лайықты едің», — деп біраз уақыт үнсіз қалды. Бірақ менің алған бетімнен қайтпайтынды сезген Мәлік Ғабдуллин: «Ананың қалірін білген жақсы, сәттілік тілеймін», — деп, Сосак ауданына жолдама берді» дейді майдангер Мәлік Ғабдуллиннен көрген үшінші жақсылығын еске алып...

Туған топыраққа оралған соң Мырзахмет Жылысбаев, бар көрген-білгенін оқу-тәрбие жұмысына жұмсайды. Жиырма төрт жыл үздіксіз мектеп директоры болады. Қай жерде мектепте жұмыс өнбей жатса, Мырзахмет Жылысбаев сол жерден табылатын. Бауыржан Мошшұлы айтқандай, «Соғысқа бір кіріп шыққаның өзі ерлік» болса, Мырзахмет Жылысбаевтың майдандағы ерлігі бір төбе, құпия барлаудағы еңбегі тағы бір төбе, ұрпаққа білім беріп, тәрбиелеу ісіндегі еңбегі үшінші төбе болса, Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің алдына кіріп өтінішін айтуы төртінші төбе болары сөзсіз. Мұның бәрі майдангердің бойынан табылған табандылық пен қайсарлық десек болады.

Еңбек пен ерлік шыңдаған майдангермен қимай қолтастық. «Қызым 80 жылдыққа аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы той жасап бермекші, тойымның қадірлі қонағы бол, шақырамын», — деді асқақал орнынан тұрып жатып... Елге ұстын, ұрпаққа үлгі, сүйегі асыл, тәспісінен жаңылмаған көркем мінезді майдангердің тойы Қаратау бөктерінде дүркіреп өтетініне сенімдімін.

Қалыма ЖАНТӨРЕЕВА, «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары, облыстық мәслихат депутаты



«Қазфосфат» ЖШС химия өндірісі саласының алпауыты екені белгілі. Кәсіпорын өнімдері елімізге ғана емес, алыс-жақын шет мемлекеттерге де экспортталады. Сондықтан өндіріс орны Жамбыл облысының ғана емес, мемлекетіміздің де мақтанышы екені хақ.

## Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

«Қазфосфат» ЖШС-ның іргетасы 1999 жылы 27 қазанда қаланды. Қазіргі таңда кәсіпорында 3 244 адам еңбек етсе, олар ел игілігі үшін аянбай тер төгуде. — Кәсіпорынның басты өнімі — NP 10-46 аммофосы. Бұл — өнімділікті арттыратын, өсімдіктердің тамыр жүйесін күшейтетін және олардың бейімделу қабілетін жақсартатын тиімді фосфор-азот тынайқышы. Өнім Қазақстанның ауыл шаруашылығында кеңінен қолданылады

және Еуропа елдеріне, Орталық Азия мен Ресей Федерациясына экспортталады. Зауыт жылына шамамен 600 тонна аммофос өндіреді. Бұл өнім жай ғана тынайқыш емес. Ол еліміздің азық-түлік қауіпсіздігіне, аграрлық сектордың тұрақты дамуына және Қазақстанның халықаралық аренада сенімді экспорттаушы ретіндегі беделін нығайтуға өлшеусіз үлес қосуда. Өздеріңіз білетіндей, соңғы кездегі сыртқы факторлар біздің компанияның қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етті. Өнімнің бағасы төмендеп, кейбір нарықта қол жетімді болмады. Газ, электр

# ӨНЕРКӘСІП ӨРІСТЕП, ӨНІМ ЕСЕЛЕНУДЕ

## «ҚАЗФОСФАТТЫҢ» ҚАРЫШТЫ ҚАДАМЫ КӨЗ ҚУАНТАДЫ

энергиясы, теміржол тарифі сынды тұрақты шығындар өсті. Қиындықты енсеру үшін компания акционерлері 200 миллион доллардан астам қаржы күйіп, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», жұдырықша жұмылған бірлікті көрсетті.

Уақытша қаржылық қиындықтарға қарамастан компания қызметкерлер алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін орындап, олардың өмір сапасын арттыру бағытынан айныған жоқ, — дейді «Қазфосфат» ЖШС Бас директорының Әлеуметтік даму және мемлекеттік органдармен байланыс жөніндегі орынбасары Еркін Сариев.

Бүгінде өндіріс орнындағы орташа жалақы 474 165 теңгені құрайды. 2021 жылдан бастап «он үшінші» жалақы төленсе, 2022 жылдан азы қамтылған қызметкерлердің отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) көрсетілуде. Бұдан бөлек, кәсіби мерекелер қарсаңында сыйақылар төленіп отырады. Инфляция деңгейін ескере отырып, мамыр айында жұмысшылардың жалақысын тағы 10%-ға көтеру жоспарлануда.

2024 жылғы 1 маусымда жанарғылан ұжымдық шартқа қол қойылып, қазіргі таңда барлық баптары толық көлемде орындалуда. «Қазфосфат» ЖШС-да қызметкерлердің тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету ерекше назарда. Асханалар заманауи жабдықтармен жабдықталып, жұмысшыларға компания есебінен тегін ыстық тамақ беріледі.

Тұрғын үй бағдарламасын жандандыруда компанияның ұстанған бағыты айқын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының сарабал саясатын қолдай отырып, кәсіпорын мұқтаж азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге ерекше екіпін беруде. Оған дәлел, «Қазфосфат» ЖШС Қаратау қаласындағы көптептерілі

үйге жөндеу жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ 2022 жылы компания басшылығы қызметкерлеріне 72 пәтердің кілтін табыс етті. Қызметкерлердің балаларының бос уақытын тиімді пайдалану үшін үй жанынан баскетбол мен футбол алаңдары бой көтеріп, воркаут-аймағы бар жана саябақтар да елге есігін айқара ашты. Бұл бағыттағы жұмыстарға 1 367 млн теңге инвестиция бағытталған.

«Қазфосфат» ЖШС-ның тенгерімінде Тараз қаласындағы «Жастар үйі» жатақханасы да бар. Жатақхана 54 бөлмеден тұратын болса, оның кілт кәсіпорынның 35 жасқа дейінгі жас, сондай-ақ отбасылы қызметкерлеріне беріледі.

Компания қызметкерлерінің денсаулығына көңіл бөлу де маңызды міндет. Қызметкерлердің демалуына және санаторий-профилактикалық ем алуына қолайлы және ынғайлы жағдай жасау мақсатында Көктал емдеу-сауықтыру кешенінің емдеу-сауықтыру блогы мен 5 корпусына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Жиназ, интерьер және тұрмыстық техника толығымен жаңартылып, шипажай аумағы толықтай абаттандырылған. Сондай-ақ емдеу-сауықтыру процедураларының тізбесін кеңейту мақсатында жаңа медициналық жабдықтар сатып алынған. Осының арқасында жылына 1 000-нан аса қызметкер денсаулығын сауықтыруда.

Компания тенгеріміне «Жұлдыз» балалар сауықтыру лагері де енген. Мұнда бір маусымда 250-ден аса кәсіпорын қызметкерінің балалары демалуда.

— «Қазфосфат» ЖШС тек өз қызметкерлеріне ғана жағдай жасап қоймай, 2022-2025 жылдар аралығында өңір тұрғындарына жалпы сомасы 1,4 миллиард теңгені құрайтын қолдау көрсетті. Бұл қаражат денсаулық сақтау, білім беру, қоғамдық бастамаларды қолдау мен аба-

тандыру және қайта жаңғырту жұмыстарына бағытталды.

Сонымен қатар компания қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, кәсіби шеберліктерін шыңдау бағытында да белсенді жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан Республикасы Президентінің елімізде беделді шетелдік университеттердің кемінде бес филиалын ашу туралы тапсырмасын орындау мақсатында 2023 жылы 19 қантарда Дулати университеті, Д.Менделеев атындағы РХТУ және «Қазфосфат» ЖШС арасында қос диплом бағдарламасы шеңберінде ұшжасты меморандумға қол қойылды. Осы мәміле аясында енді оқу орнын бітірген түлектер кәсіпорынға бірден жұмысқа алыныпты болады.

Компаниямыздың алға қойған жоспары да жұмыр. 2030 жылға қарай минералды тынайқыштың өндірісін арттыру көзделуде. Ол үшін жұмыс істеп тұрған қуаттарды жаңғырту бойынша ауқымды бастамалар қолға алынуда.

Мақсатты жұмысмыздың бірі — Жанатас қаласында қуаттылығы 1 млн тонна аммофосты құрайтын жаңа химия кешенін салу көзделуде. Жобаны іске асыру мерзімі — 2028 жыл. Жобаның мақсаты — MAP, DAP және NPK(S) премиум брендтерімен өнім ассортиментін кеңейту. Сондай-ақ қосымша жұмыс орындарын ашу, — дейді Еркін Сариев.


«Қазфосфат» компаниясының қызметкерлері қоғамдағы маңызды науқандардан шет қалмайды. Тұрғын деңгейдегі сайлауларға қатысып, өздерінің азаматтық көзқарастарын да білдіреді. Бұдан бөлек, қызметкерлер Мемлекет басшысының саясатын қолдай отырып, еліміздің баянды болашаққа бастаған әр қадамына үн қосуда. Және де бұл бағыттағы жұмыстар одан әрі де қолдау білдіріп, мемлекетіміздің кемел келешегі үшін аянбай тер төге бермек!



# 1 МАМЫР -

## ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

1 МАМЫР 2025 | БЕЙСЕНБІ



Қазақ өнері – халқымыздың рухани байлығы, ұлттық болмысының айнасы. Сол руханияттың ең асыл жауһарларының бірі – опера өнері. Бұл – техника мен эмоция, академиялық шеберлік пен сахналық драма қатар үйлескен ерекше жанр. Осы күрделі өнерде қазақтың даңқын асқақтатып, ұлттық опера мектебінің беделін биіктеткен тұлғалардың бірі әрі бірегейі – Шахимардан Әбілов. Ол – Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, еліміздің мәдениетін әлемдік деңгейде танытқан дара талант.

Тамаша опера әншісі ғана емес, ұлттық мәдениеттің жанашыры, Абай мұрасының насихатшысы, болашақ өнерпаздарға бағыт-бағдар беріп жүрген ұлағатты ұстаз. Оның опера өнеріндегі жетістіктері, әлемдік сахналардағы жарқын өнері және туған жеріне деген жанашырлығы шын мәнінде рухани тұлғасының тереңдігін көрсетеді. Жан-жақты тұлғаның осынау сан салалы қырына тоқталып, әрқайсына жеке зерттеу мақала арнауға болады. Оны болашақтың еншісіне қалдырдық. Біз тұлғаның жалпы болмысына үніленді жөн көрдік.

### ТАБИҒАТ ТУДЫРҒАН ТАЛАНТ

Талантты тұлға тек туа біткен қасиеттерімен ғана қалыптаспайды. Табиғаттың шексіз құпиялары, әсем көрінісі, адамға әсер ететін сиқырлы үні – нағыз шығармашылықтың бастауы. Табиғатта адамның ішкі әлеміне, ой-санасына, сезіміне ерекше ықпал ететін күш бар. Кен дәлада өскен бала мен қалада өскен баланың дүниетанымы әртүрлі болатыны сияқты, қоршаған орта да адамның бойындағы ерекше қабілеттерді дамытады.

Тарихқа көз жүгіртсек, әсіресе шығармашылық адамдары табиғатпен етене байланыста болған. Мысалы, Абай атамз өз өлеңдерінде табиғатты ерекше суреттеп, тіпті кісі бейнесінде тірілтіп жіберсе, Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Естай сияқты сал-серілер табиғаттың шексіздігінен шабыт алып, ғажайып әндер шығарды.

Қазақ даласының кендігі, табиғи ландшафттарының әсемдігі, өзен-көлдерінің мөлдірлігі – барлығы да адамның жан дүниесін байытып, шығармашылық қиялының шарықтауына ықпал етеді. Табиғаттың әуені, құстардың сайрауы, өзеннің сылдыры – бәрі де өн мен жыраға арқау болған.

Шахимардан аға қасиетті Ертіс-Баян өңірінде – Павлодар облысы Шарбақты ауданы Арбағин ауылында дүниеге келген. Табиғаты таңғажайып өлкенің шексіз қарағайлы орманы мен кең даласы оның өнерге деген құштарлығын ерте оятқан. Балалық шағында табиғаттың жаңғырығына қосылып өн салып, дауысының кең диапазоны мен табиғи күшін шыңдаған. Бұл – табиғаттың адам бойындағы талантты ашуына айқын мысал болса керек.

«Қазақтың өн мектебінің түп-тамыры осындай табиғат қойнауында жатқан жоқ па?» деген ой өнші санасында үнемі жаңғырады. Расында да, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Жаяу Мұса, Мәди, Естай сияқты тұлғалар шыққан Арқа даласының кендігі, сулу табиғаты ұлы өнерпаздардың қалыптасуына ықпал етті. Шахимардан Әбіловтің де өнер жолын тандауы – осы ұлы дәстүрдің заңды жалғасы еді.

### ӨНЕРГЕ БАСТАҒАН ЖОЛ

Өнерге деген сүйіспеншілік Шахимардан Әбіловке ата-анасынан дарыды. Анасы жыр мен өнге жақын, арифметиканы да жақсы меңгерген жан болса, әкесі – мінсезді, бес уақыт намаздың қаза қылмаған, соғыс ардагері. Ал ағасы Тілеуқабыл домбыра, баған тартып, өн айтқан өнерлі адам еді. Осындай ортада өскен болашақ өнші бала күнінде-ақ өнердің қыр-сырын меңгере бастады.

«Үйге қонақ келгенде үлкендер жырдастандарды айтып, өн шығарыпты. Біз де сол ортада тәрбиеленіп, Абайдың әндерін жаттап өстік. Бұл бізге армандауды, қиялдауды үйретті», – дейді өнші.

1967 жылы Алматыға келген жас Шахимардан эстрада-цирк студиясына оқуға түсіп, болашақта казак музыкасының мақтаншына айналатын Қайрат Байбосынов, Жәнібек Көрменов, Ұлықпан Есенов, Қапаш Құлышева сынды өншілермен бірге білім алды.

Ұстазы Науат Темірбекова оның дауыс ерекшелігін байқап, опера өнеріне бағыттайды.

# ҚАЗАҚ ОПЕРАСЫНЫҢ алтын дауысты ПАДИШАХЫ

Осылайша, ол эстрадалан классикалық өнерге бет бұрады. Әскер қатарынан оралған соң Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына түсіп, атакты Бекен Жылысбаев, Ермек Серкебаев сынды мейталмандардан тәлім алады.

Дипломдық жұмысын «Абай» операсындағы Абай партиясын орындап қорғағанда шығарманың авторы Латиф Хамиди өншінің дарынына тәнті болып, «Бұл бала матур, обсуждению не подлежит» деп жоғары баға берген екен. Бұл оның кәсіби өнер жолындағы алғашқы үлкен жетістігі еді.

Консерваторияны тәмамдаған Шахимардан Әбілов бірден Қазақ ұлттық консерваториясына ұстаз болып қалады. Осы сәттен бастап ол сахнада өнер көрсетумен қатар шәкірт тәрбиелеуге де ден қояды. 40 жыл бойы ұстаздық етіп, елге белгілі 40-тан астам шәкірт тәрбиеледі, олардың тең жартысы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атанды. Бұл ұлағатты ұстаз ретінде ғажап жетістік емес пе!

Опера сахнасындағы табысты өнерімен қатар ол халықаралық деңгейде танылды. Шахимардан Әбіловтің орындауында қазақ музыкасының тыңдаған шетелдік мамандар мен тыңдармандар Абай романстарын әлемдік деңгейдегі құбылыс ретінде бағалады. Құбылыс тудыру екінің бірінші маңдайына жазылмаған. Ауыз толтырып айтарлық тойлайым табыстарға Шәкен ерге жастаң жетті.

### АБАЙДЫҢ ӘНІ – ӨМІРДІҢ МӘНІ

Ол тек орындаушы емес, Абай өңдерінің нағыз зерттеушісі және насихаттаушысы. «Әнді сүйсең менше сүй» деп хакім Абай айтқандай, әрбір шығарманы жан-тәнімен сезініп, көрерменін ерекше күйге бөлей білу Шахимардан Әбіловтің басты ерекшелігі дер едім. Бұл ізденістің ауқымы шығармашылық шеңберімен шектелмейді – ол ғылыммен ұштасқан жүйелі еңбектің, зерделі зерттеудің нәтижесі.

Осы мақсатта өнші өзінің ерекше «Абай жолы» дәріс-концертін ұйымдастырды. Бұл – қазақ музыкалық мәдениетіндегі тың жаңалық қана емес, жаңа бағыт десек те болады. Ширек ғасырдан астам уақыт бойы Абайдың әндерін кәсіби шеберлікпен орындап, ұлы ақынның рөлін сахнада сомдаған Шахимардан Әбілов үшін бұл тек концерт емес, Абай әлеміне теріс бойлау, оның мұрасын тыңдарман жүрегіне жеткізіп сіндіру еді.

Өнші Абайдың «Толық адам» ілімінің кез келген ұлттың рухани дамуына негіз бола алатын тұғырлы қағида ретінде қарастырды. Бұл тұжырымның негізі – «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» ұстанымына сүйенеді. Өмірлік бағдар ретінде осы үш қасиетті тең ұстаған адам ғана өз елінің игілігіне еңбек етіп, шын мәнінде кемелдікке жете алады.

Шахимардан Әбілов – Қазақстанның Халық әртісі атанған сәтінде көпшілік бұл атакты шын жүректен қуанып қабылдады. Өйткені біз оны Абай болып сөйлеп, Абайша тоңғанып келе жатқан ерекше тұлға ретінде танымыз. Оның өнері – нағыз талант пен ұлттық мәдени мұраға деген зор құрметтің айқын көрінісі.

### БИІК БЕЛЕСТЕР

Шахимардан Әбілов – опера өнеріндегі ең күрделі рөлдерді жоғары деңгейде орындап, кәсіби биіктігін әлдеқашан дәлелдеген өнші. Ол жылдар бойы әлемдік классиканың үздік туындыларында:

«Риголетто», «Травиата», «Аида» (Дж. Верди) – Риголетто, Жермон, Амонасро; «Біржан мен Сара» (М. Төлебаев) – Жанбота;

«Пиковая дама» (П. Чайковский) – Томский;

«Царская невеста» (Н. Римский-Корсаков) – Грязной;

«Абылай хан» (Е. Рахмадиев) – Бұқар жырау сияқты күрделі партияларды сомдады. Алайда оның жүрегіне ең жақын, ең қымбат рөл – Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсындағы Абай бейнесі болды. Бұл рөл оның шығармашылығындағы басты белесіне айналды.

– Абаймен менің байланысым өте терең әрі ұзақ, – дейді Шахимардан Әбілов. – Оның шығармашылығын зерттеу – өмірлік миссиям. Өйткені бала күнінде анам Абайдың әндерін жиі айтатын, сол кезде олар менің жүрегіме ұялап қалған еді, – деп еске алады өнші.

– Жақсы опера әншісі болу үшін алдымен өз халқының

Ыстанбұл, Вена, Мәскеу, Токио сынды алып шаһарлардың үздік сахналарында қазақтың үнін асқақтатып, талай тыңдарманды тамсандырды.

Оның ерекше дауысымен сырқалған ариялар мен романстар, қазақтың халық әндері мен Абайдың мұңлы да мағыналы шығармалары көрерменнің жүрегіне жетіп, қазақ музыкасының құдіретін әлемге паш етті.

### АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМ

Шахимардан Әбілов 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін Қазақстан Композиторлар одағының пленумында Ахмет Жұбанов пен Еркеғали Рахмадиевтің «Қалын елім, қазағым» романын орындады. Ол кезде бұл ерлікке тең әрекет еді. Ұлттық мұрат пен қазақ халқының жан күйзелісін жеткізген бұл ән залда отырған тыңдармандардың көңілін толқытып, көздерінен мөлтілдеген жас шығарды.

Шахимардан Әбіловтің ел мәдениеті мен руханиятына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Ертіс-Баян өңірінен шыққан ән падишасы

өнерін, мәдениетін, тілін жетік білу керек. Содан кейін ғана әлемдік классикаға құлаш ұруға болады. Опера – кез келген адам игере бермейтін, терең білім мен үлкен жауапкершілікті талап ететін өнер, – деп ойын жалғастырады Шәкен. Биыл ұлы Абайдың 180 жылдық мерейтойына арналған моноспектакльді бірнеше қалада аншлаппен өте жоғары дәрежеде өткізіп жатқан ағамыздың ерен еңбегі бағаланып, жоғары марапатты кеудесіне тағар күн де алыс емес деп ойлаймын. Ұлттың рухани қазынасын молайтқан осындай атпал азаматтар ғана шынайы мемлекеттік құрметке лайық!

Шахимардан Әбілов өзінің таланты мен кәсібилігін растайтын бірқатар атак, дәрежелерге өмір белестерінде ие болды: Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, кейіннен Халық әртісі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры,

Естай болса, сол мұраны жалғастырушы Шәкен түркі әлемінің мақтанышына айналып, қазақтың опера өнерінің абыройын асқақтатқан тарихи тұлғаға бүгінгі күні-ақ айналып отыр.

2018 жылы Түркияда атакты композитор Естай Беркімбауылының 150 жылдығы жоғары деңгейде атап өтілді. Бұл жиынға ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымының сол кездегі Бас хатшысы Дүйсен Кәсейінов қолдау көрсетіп, Анкара және Ыстанбұл қалаларында арнайы конференциялар ұйымдастырылды. Осы іс-шарада өзін бастамашы болып барып, халықаралық деңгейде тұңғыш рет Естайға арналған тарихи баяндама жасалды. Шахимардан аға өнін орындап бүкіл тыңдарманды тебіренткен еді. Бұл қазақ мәдениетін әлемдік сахнада мойындатудың тағы бір нақты қадамы болатын.

Сол жылы Баянауалы дуанының аға сұлтаны болған, Шоқандай (Уәлиханов) жарық жұлдыздың туған нағашысы әрі ақылшысы Мұса Шорманұлының үлкен мавзолейі мен музейінің ашылуы, жалпы 200 жылдық мерейтойында Шахимардан ағамыз асқақ өнімен жерлестерін рухтандырды. Осы айтулы іс-шараны басқарып жүрген маған шын ықыласты ағалық қолдауын көрсетті. Ал заңғар тұлға, қайталанбас ғұлама Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығында әрбір шараның басы-қасында Шәкен жүргені, бірауыз айтқан өтіншімді есшуақытта жерге қалдырмай атсалысқаны мені әрдайым рухтандырып отырды.

Павлодар мемлекеттік университетінде ректор болып жүрген кезімде «Ертіс-Баян өңірінің 100 тарихи тұлғасы» атты қысқаметражды фильмдер сериясын түсіруді қолға алдым. Осы жоба арқылы Ертіс-Баян өңірінен шыққан тарихи тұлғалардың өмірбаяны мен еңбегі жаңа форматта насихаттала бастады. Бұл фильмдер жастардың тарихи санасын қалыптастыруға, елге деген сүйіспеншілігін арттыруға ықпал етті. Жоба аясында Шахимардан ағаны да қазақ және орыс тілдерінде фильмге түсіріп, өнері мен шығармашылығын екі тілде кенінен насихаттадық.

### АСЫЛ ӨНЕРДІҢ АМАНАТЫ

Ұлы өнер иесі болу – тек табиғи таланттың арқасы емес, ол үздіксіз еңбек, терең ізденіс пен қайталанбас қабілеттердің үйлесімінен тұратын сирек құбылыс. Осындай дара қасиеттердің бірі – еске сақтау қабілеті. Бұл тұрғыдан алғанда, Шахимардан Әбіловтің жады – нағыз феномен. Ол Абайдың бүкіл шығармаларын жатқа біледі, өз өлеңінің кез келген жерінен іліп алып, мүдірместен оқи жөнеледі. Бала кезінен Абайды сүйіп өскен Шәкен дипломдық жұмысында Абаймен жалғастырып, міне, 60 жылдан аса Абайды асқақтатып келе жатқаны кез келгенін маңдайына жазылмаған бақ деп айта да болады. Бұл – оның ақын мұрасын тек зерттеп қана қоймай, оны жүрегімен сезініп, бойына сіңіргенінің айқын дәлелі.

Шахимардан Әбіловтің жады тек Абай өлеңдерімен шектелмейді. Ол қазақ және әлемдік классикалық шығармалардың жүздеген ариясын, романсын, халық әндерін мұлткісіз орындайды. Өнші әрбір сөзді, әрбір нотаны, тіпті орындаушылық стилдер мен тарихи контексті де толықтай есте сақтап, тыңдармандарына ерекше әсер сыйлайды.

Бұл қабілеттің сыры неде? Біріншіден, есте сақтау – әрбір ұлы өншінің басты қаруы. Опера өнерінде өншілер әрбір

рөлді мінсіз меңгеруі керек, себебі сахнада импровизацияға жол жоқ. Бірақ Шахимардан ағаның жалы тек техникалық жаттауға негізделмеген. Оның орындауындағы әрбір туынды – жанымен сезініп, жүрегінен бойлай өткізуінің нәтижесі.

Шахимардан Қайдарұлы 75 жасқа келсе де, оның жады жас кезіндегідей сергек, мұлткісіз, анық. Бұл жаста есте сақтау қабілеті әлсіреуі мүмкін деген түсінікті ол толығымен жоққа шығарады. Өткен айда Астанада өткен моноспектакльде көрермендер оның жалдына, сөз саптауына, орындау мәнеріне таң қалып, таңдай қақты. Көпшілік «Мұндай есте сақтау қабілеті – сирек кездесетін құбылыс», – деп танданыстарын жасырмады. Өнші Шәкен Абайдың кез келген өлеңінің алғашқы жолын ғана айтып, әрі қарай жалғастырмаса, көрермендердің өзі өленді жалғастыра алатындай күйге бөленетінін айтады. Себебі оның мәнері мен интонациясы тыңдарманды сол дәуірге, сол рухани кеңістікке еріксіз жетелеп әкетеді.

### АҒАНЫҢ КЕНДІГІ

Аға мен іні арасындағы сыйластық – қазақ қоғамындағы ерекше құндылық. Бұл – қанмен берілетін, тәрбиесмен бекитін, өмірлік тәжірибемен тереңдейтін қасиетті байланыс. Шахимардан Әбілов – осы ұлы дәстүрдің нағыз үлгісін көрсетіп келе жатқан жан. Ол әрбір игі істі қолдап, ақылын айтып қана қоймай, белсенді түрде атсалысады. Бұл – үлкен адамгершіліктің белгісі.

Өнер әлеміндегі адамдар туралы айтқанда, олардың мінезі, адами болмысы да ерекше назар аударуды қажет етеді. Себебі нағыз тұлғаның бойында өнердің ғана емес, адамгершіліктің де ұлы қасиеттері тоғысуы керек. Шахимардан Әбілов – алабетен ақжарқын, ақжүрек жан. Оның жылы қабағы, шынайы қарым-қатынасы, айналасына сөле шашып жүретін болмысы талай адамды шабыттандырып, жақсылыққа жетеледі.

Шахимардан ағаның бойындағы бұл қасиет оның өнердегі, өмірдегі серіктеріне деген әділ көзқарасынан, таза ниетінен, аянбай көрсететін қолдауынан анық байқалады. Ол адамды жасына, атағына немесе әлеуметтік жағдайына қарап бағаламайды, нағыз қасиетін жүрегімен сезеді.

Адамның кендігі – оның дүниетанымының кендігімен өлшенеді. Шахимардан Әбілов – өнер адамы ғана емес, шешендік қасиетін аяптағанда, үлкен ойдың, кемел пікірдің иесі. Ағаға лайық бекзат болмыстың, өнерге адал жанның, ініге қамқор тұлғаның жарқын бизнесі!

### ДАРЫНДАР БЕСІГІ

Ертіс-Баян өңірі – қазақтың ұлы өнерпаздарын дүниеге әкелген қасиетті мекен. Бұл өңірдің тарихы, мәдениеті мен руханияты қазақ даласының қайталанбас жауһарларын тудырған алып мұра. Кең-байтақ қазақ жерінің әр өңірінің өзіндік ерекшелігі, дара қолы бар. Ал Ертіс-Баян өңірі – өн мен жырдың, күй мен саздың бесігі.

Бұл киелі өлке Жаяу Мұса, Естай, Иман-жүсіп, Жарылғапберді, Майра, Қали, Иса, Байғабыл тәрізді қазақ өнерінің асқар шыңдарына айналған тұлғаларды дүниеге әкелді. Олар – сөз бен сазды қатар өрнектеген, қазақтың өншілік дәстүрін әлемдік деңгейге көтерген дара дарындар. Бұл өңірде туған өнерпаздардың шығармашылығы өз заманының ғана емес, мәңгілік қазақ өнерінің рухани азығы болып қала бермек.

Алайда олардың көпшілігі өз заманында өнердегі лайықты бағасына ала алмай, тағдырдың теперішін көрді. Бірі жоқшылық пен әділетсіздіктің құрбаны болса, енді бірі кеңестік саясаттың салдарынан ескерусіз қалды. Олардың шығармалары халықтың жүрегіне сақталғанымен, үлкен сахналарға жетуі қиын болды.

Шахимардан Әбілов – Ертіс-Баян өңірінен шыққан ұлы өншілердің дәстүрін жалғастырып қана қоймай, оны жаңа деңгейге көтеріп, әлемдік сахнаға шығарған дара талант. Егер Жаяу Мұса мен Естай қазақтың өн өнерін алтын ғасырға жетелеген болса, Шахимардан Әбілов қазақ операсын, Абайдың әндерін, ұлттық вокалды халықаралық аренаға алып шыққан тұңғыш өнерпаз.

Шахимардан ағаның өмір жолы – қиындыққа мойымай, ұлы мақсатқа жету жолындағы адал еңбек пен үлкен таланттың үйлесімі. Оның опера сахнасындағы өнері, Абай шығармашылығын дәріптеудегі еңбегі – Ертіс-Баян өңірінің бұрынғы өншілік мектебін жаңа заманауи тұрғыдан тереңдетті.

Шахимардан Қайдарұлы – Ертіс-Баян өнерпаздарының еңбегінің өтеуі. Ол кешегі атакты өнерпаздарымыздың көре алмай кеткен биігін бағындырып, қазақтың асқақ өнерін төрткүл дүниеге танытқан тұлға. Ол өзінің опералық орындаушылық шеберлігімен, қазақ өн өнерін ғылыми-зерттеу деңгейіне көтеріуімен, ұлттық музыканы әлемге танытумен өнер жолындағы биік белестерді еңсерді.

Егер Жаяу Мұса әділетсіздікке қарсы тұрып, өнімен күрес қылып тандаса, Естай сезімнің ұлылығын жырлап, қазақ махаббатының символына айналса, Шахимардан Әбілов ұлттық өнер мен классиканы ұштастырып, қазақ музыкасының Шахына – падишахына айналды.

Өнер – ұлттың жаны. Ал ұлы өнерпаздар – сол жанды ғасырлар бойы сақтап, жаңғыртып отыратын тұлғалар. Шахимардан Әбілов – сол алтын көпірлі ұлы өнердің алтын дауысты падишахы!

Алтынбек НУХУЛЫ,  
Парламент Сенатының депутаты,  
«Халықаралық Сәтбаев қорының»  
қамқоршылар кеңесінің төрағасы



# ЖАРЫҚСЫЗ ЖҰРТ, ЖАУАПСЫЗ МЕКЕМЕ

Түркістан облысында жиі қозғалатын мәселенің бірі – жарық. Көп ауылда өткен ғасырдың ортасында орнатылған бағаналар шіріп, құлайын деп тұр. Кезінде аз үйге арналып тартылған электр сымна жалғанған абоненттің көбейгені де жарық сапасының төмендеуіне себепші екені рас. Дегенмен жарық құнының жиі көтеріліп жатқанына қарамастан дер кезінде төлем жасап, электр қуатын жүйелі пайдалану үшін бәрінде үнсіз келісіп отырған халықтың сұранысы өз деңгейінде қанағаттандырылмай отыр, сол себепті «Оңтүстік Жарық Транзит» мекемесіне көңілі толмайтындар көп.

**Назгүл НАЗАРБЕК,**  
Түркістан облысы

Түркістан облысының әкімі Нұрлан Көшеровтың барлық аудан, қалаларда өткізіп жатқан халықпен кездесу жиындарда тұрғындар тарапынан электр қуатына байланысты шағым көп екенін байқауға болады. Азаматтар шіруге айналған электр бағаналарын, жүктелімі артқан электр жүйелерінің жиі үзілетінін, қажетті қуат бере алмайтын трансформаторлар жайын айтып, орынды реніштерін білдіріп жатты. Тіпті, Төлеби ауданында өткен кездесуде биылғы үш айда аудан бойынша электр желілерінде 90-нан астам апаттық өшіру болғаны айтылып, бұл салада тәртіп қашан орнығатыны жөнінде сауалдар қойылды.

Тұрғындардың электр қуатының сапасына қатысты базанысы облыстық мәслихат депутаттарының өз сайлаушылары алдында өткізген есепті кездесулерінде де көпшілік көтеретін тұрақты тақырыпқа айналған. Электр қуатын беруші монополист ұйымның өз тұтынушыларының талаптарына атуесті қарайтыны, тозығы жеткен жабдықтарды ауыстырып жаңалауға асықпайтыны жөнінде тұрғындардың арыз-шағымдарынан да білуге болады.

Нағыз халықтық сауалға айналған осы мәселеге жауап іздеу мақсатында жуырда Түркістан облыстық мәслихатының төрағасы Нұралы Әбішевтың ұсынысымен депутаттық корпусының арнайы жиыны өтті. Күн тәртібіндегі мәселені жан-жақты қарап, жергілікті жерлерде қалыптасқан ахуал жөнінде нақты сауалдарын қою үшін облыстық мәслихат қабырғасында өткен жиында аудан, қала мәслихаттарының төрағалары мен аймақтардағы әкім орынбасарлары шақырылды.

Түркістан облыстық мәслихаты депутаттарының аудан, қала тұрғындары алдында есеп беру кездесулері кезінде сайлаушылар тарапынан электр энергиясы

мәселесіне қатысты қойған сауалдарының талдау динамикасы жөнінде облыстық мәслихат аппаратының басшысы Мақсат Исаев айтып берді. Аппарат басшысы атап өткен мәселелер қатарында Бәйдібек ауданы Көктерек ауылдық округінің шағымданған азаматтың ауылдық округтегі электр бағаналарының 80 пайызына жуы-



ғы ескіріп тозғанын, ал Қенестөбе елді мекеніндегі 0,4 кВА электр бағаналарының ағаштары шіріп, бүгінде апатты жағдайда тұрғанын айтқан. Сонымен бірге Ордабасы ауданына қарасты Қайнар елді мекенінің тұрғыны да ауылдағы электр бағаналары әбден тозғанын айтып, жаңалауды сұраған.

Облыстық мәслихат депутаты Нұржан Әшірөвке тұрғындар тарапынан Қазығұрт ауылының Отырар, Қожақұл би көшелері тұрғындарынан соңғы 10-15 жылдан бері электр жарығының зардабын көріп келе



және қарап отыр. Аппарат басшысы дәл осыған ұқсас өзекті мәселелер, Жетісай, Келес, Мақтаарал, Сауран аудандарында кезігіп отырғанын жеткізді.

Түркістан облысы аумағында электр желілерінің басым бөлігі «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-ның теңгерімінде екенін айтқан облыстық Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы

жиі өшіп, облыс орталығы бола тұра Түркістан қаласының электр энергиясымен қамтылуы ауылдық деңгейде қалған. «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-на бірнеше рет тапсырма берілгенімен, аталған мәселеге назар аударылмай келеді.

Жиында тұрғындардың шыршылына айналған, жергілікті атқарушы және өкілді органдардың бас ауруы боп қалыптасқан ашы сауалдарға «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-ның бас директоры Айдар Махамбетке жауап беруге тура келді. Ол таяу жылдары жаңғырту жұмыстары жүргізілген аймақтарды атап, 2025-2029 жылдарға арналған ұлттық жоба аясында атқарылатын жұмыстар бойынша есеп берді.

Отырыс барысында халық сенім артқан мандат иелері монополист ұйымның инвестициялық жобаларын бүге-шігесіне дейін қарады. Көп ауыл осы жобаға неге енбей қалғаны жөнінде өткір сауалдар қойылды. Ауа райына қарай электр жарығы да құбылмайы керекі айтылды. Сапалы қызмет көрсете алмайтын ұйымды осы міндетті тиісті деңгейде атқару мүмкіндігі бар басқа да ұйымдармен ауыстыру, ұйымды мемлекет меншігіне қайтару туралы да өткір ұсыныстар көтерілді.

Жиынды қорытындылаған Нұралы Әлмұханұлы «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-ның инвест жобалары көрсетілген жоспар барлық депутаттың қолында болуы керекін тапсырып, осы жоспар бойынша әр аудан, қала кесіндісінде атқарылып жатқан жұмыстарға депутаттық баға берілетінін ескертті. «Бұл мәселені жай ғана талқылап қоя салатын жиын емес. Нақты шешімдер қабылдап, бастысы, тұрғындардың сұранысына қатысты жұмыстар атқарылуы керек. Облыстық мәслихат депутаттарының, аудандық, қалалық мәслихат төрағаларының әрбір

басшысының орынбасары Роза Сариева электр желілерінің физикалық тозу деңгейі 57 пайызды құрап отырғанын баяндады. Былтыр облыс елді мекендерінде 1 083 рет жарық сөнген. Оның ең көбі Сайрамда – 108, Мақтааралда – 99 мәрте, Кентауда 91 рет болған. «Жарықтың жиі сөнуінің басты себептері ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарының барысында орнатылған электр желілерінің және трансформаторларды нормативтік талаптарға

**Былтырғы жылдың қорытындысымен облыс елді мекендерінде 1 083 рет жарық сөнген. Оның ең көбі Сайрамда – 108, Мақтааралда – 99 мәрте, Кентауда 91 рет болған.**

сәйкестендірілуі, ескірген ағаш бағаналардың болуы, «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-ның инвестициялық бағдарламасы шеңберінде қайта жаңғырту, ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарына мониторинг жұмыстарының жүргізілуі; 110-35 кВ жоғары кернеулі электр желілеріндегі күзет аймақтарының сақталмауы, халыққа түсіндіру жұмыстарының жүргізілуі және басқа да бірқатар жайттың салдарынан болып отыр», – деген Роза Сариева инвестициялық бағдарлама қажеттілікке байланысты дұрыс бөлінбегенін де жасырмады. Салдарынан елді мекендерде электр энергиясы

ұсынысы маңызды. «Оңтүстік Жарық Транзит» мекемесінің инвестициялық бағдарламасы халықтың қажеттілігіне байланысты әзірленуі тиіс және құрғақ уақыт мен қыста салынбауы керек. Сондықтан жиындағы көтерілген сұрақтардың нақты жауабын алу және 2026-2027 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламаны толық зерделеу мақсатында жұмыстар әлі де жалғасуды», – деді мәслихат төрағасы.

Облыстық мәслихаттың маусым айында өтетін сессиясында бұл мәселе қайта қаралмақ. Депутаттар ендігі жолы компания иесінің өзі келіп, есеп беруін жүктелді.

Осыдан бір жыл бұрын Алматыда халықтың көңіліне қорқыныш ұялатқан екі бірдей қуатты жер сілкінісі болған еді. Аталған қос жағдайдан кейін мегаполис тұрғындары қауіпсіздігі жайлы көбірек ойлана бастағанын аңғаруға болады. Расында, кейінгі уақытта алматылықтардың төтенше жағдайға дайындығы қалай өзгерді? Тиісті мекемелер оқиғадан қандай сабақ алды?

**Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,**  
Алматы қаласы

Earthquakelist.org порталының дерегіне сүйенсек, 2024 жылдың алғашқы айынан бастап 25 қарашаға дейін елімізде магнитудасы 4-тен жоғары 259 жер сілкінісі тіркелген. Соның ішінде ең жиі дүмпу орын алатын сейсмикалық аймақтардың қатарында Алматы қаласы көш бастап тұр. Тиісінше, мамандар да шаһардың Қазақстанда 9 балға дейінгі жер сілкінісі болуы мүмкін қауіпті аймақтардың бірі екенін айтады.

Алматы қаласы әкімдігінің мәліметіне сүйенсек, шаһардағы жер сілкінісінен кейін бірқатар пилоттық

## СІЛКІНІСКЕ «СЕРГЕКПІЗ» БЕ?



Елдар КАБА (коллаж)

жоба іске қосылып, мониторинг жұмыстары жүргізілген. Былтыр құрылған Алматы сейсмикалық қауіпсіздік және жұмылдыру дайындығы басқармасының дерегіне, 2024 жылы басқарма Сейсмологиялық байқау және зерттеулер ұлттық ғылыми орталығымен бірлесіп зерттеу жұмысын бастаған. Үш жылға жоспарланған жұмыстың басты зерттеу нысаны – қаланың сейсмогеодинамикалық ахуалы. Мамандардың сөзінше, зерттеу нысаны аясында гидрогеохимиялық, сейсмикалық, геофизикалық параметрлерге мониторинг жасалады.

**Earthquakelist.org порталының дерегіне сүйенсек, 2024 жылдың алғашқы айынан бастап 25 қарашаға дейін елімізде магнитудасы 4-тен жоғары 259 жер сілкінісі тіркелген. Соның ішінде ең жиі дүмпу орын алатын сейсмикалық аймақтардың қатарында Алматы қаласы көш бастап тұр.**

Алматы сейсмикалық қауіпсіздік және жұмылдыру дайындығы басқармасы мамандарының айтуынша, былтыр

ТЖД қызметкерлері қаладағы халық көп шоғырланатын орындарда, мектептер мен саябақтарда түсіндіру жұмысын жүргізуге ден қойған. Төтенше жағдайдың алдын алу мақсатында бірнеше мәрте жалпықалалық сейсможаттығулар өткізілген. Одан өзге басқарма мектептерде сейсмикалық қауіпсіздік жөнінде сыныптан тыс сағаттарды енгізуді жоспарлап отыр. Пилоттық жоба балалардың сейсмикалық қауіпсіздік туралы білімін арттыруға, оқушылар мен мұғалімдерге төтенше жағдай кезінде өзін-өзі қорғау дағдыларын меңгеруге, сондай-ақ арнайы жаттығулар арқылы сейсмикалық қауіпке дайындықты пысықтауға бағытталған. Басқарма мәліметінше, былтыр жаз айларында қалада 1,5 мың балабақша мен мектеп қызметкерлері оқытылған. Осы ретте

атап өткен жөн. Cell Broadcast технологиясы бойынша жұмыс істейтін жүйе базалық стансалар арқылы Apple және Android смартфондарымен байланыс орнатады. Бұл пайдаланушыға дүмпу орын алған уақытта дереу ескерту хабарламасын жібереді. Естеріңізде болса, осыған дейін қала тұрғындарының арасында дабыл ескертуін уақытылы қосу туралы түрлі сын-пікір айтылған еді. Дәлірек айтсақ, қала тұрғындары өміріне қауіп төнген сәтте дабыл ескертуінің уақытылы іске қосылмағанын айтып шағымданды. Дегенмен қос қорқыныштан кейін ғылыми кеңесте жер сілкінісі кезінде автоматты түрде ескерту жүйесін қосу үшін ең төменгі қауіп деңгейі талқыға салынған. Басқарма мәліметіне сүйенсек, егер жер сілкінісінің эпицентрі қаладан 100 шақырым жерде орналса, онда ескерту жүйесі үшін ең төменгі магнитуда – 1, ал 200 шақырымнан алыс болған жағдайда одан жоғары болғаны жөн. Мұның себебін сарапшылар арақашықтық неғұрлым алыс болған сайын сейсмикалық қауіптің төмен болуымен байланыстырады. Бұл дегеніміз, енді MasAlert жүйесі бастапқы көрсетілген 5,5 баллдан төмен болған жағдайда да іске қосылуы мүмкін.

Ресми деректерге сүйенсек, бүгінде шаһарда жер сілкінісінен зардап шеккен тұрғындарды қабылдауға арналған 384 пункт орналасқан. Сейсмикалық қауіпсіздік тұрғысынан қамтамасыз етілген әкімшілік нысандарды жер сілкінісінен зардап шеккен азаматтар паналай алады. Онымен қоса, қазір қала аумағы 21 секторға бөлінсе, мұның ішінде аспан астындағы жалпы саны 65 учаске бар.

Қазір қалада 28 сейсмикалық станса жұмыс істейді, одан бөлек биыл жыл соңына дейін қосымша 30 станса, 2026 жылдың соңына дейін тағы 40 станса орнату көзделген.



1 МАМЫР 2025 | БЕЙСЕНБІ



## АРАСЫН ЕЛДІҢ ЖАЛҒАҒАН, АРУДАН АРТЫҚ БАР МА АДАМ?!

Ел мен елдің арасын қыз қосады. Өзге елден шекара асып кеп, қазақ отбасына келін болып жатқан қыздар туралы да осыны айтуға болады. Олар аз уақыттың ішінде қазақы дәстүрге бой үйретіп, отбасына судай сіңіп, тастай батуда. Отбасы дейтін шағын мемлекетте екі түрлі ұлттың ұйысып, тату-тәтті өмір сүруі – тұтас халықтың ынтымағы. Оған қазақтың қара шаңырағында басынан орамалын тастамай тағып жүрген тайландтық, филиппиндік кейіпкер келіндеріміз дәлел.

### А Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Тайландтық Ихва есімді ару – Маңғыстаудың келіні. Ол жары Мираспен ағылшын тілі курсын оқып жүрген кезде танысқан екен. Салт-дәстүрі мен ұлттық болмысы бөлек Тай елінен келсе де, бүгінде қазақ отбасына әбден сіңіп, нағыз келіндік өмірге төселген. Ең қызығы, тайландтық ару қазақ отбасының тұрмысына бейімделуі үшін есімін де қазақша өзгерткен екен. Инжу есімін алған жас келін жана отбасына оңай сіңгенін айтып берді.

– Отбасым мені өте жылы қарсы алды. Енемнен бүгінге дейін қаншама ұлттық тағамдарды пісіруді үйреніп алдым. Тайландта басым көпшілігі күріш пен ашы тағамдарды жейді. Ал мұнда қазақтың ұлттық тағамдарын



көріп таңғалдым. Мұндай тағамдар негізінен біздің елімізде дайындалмайды. Қазақстан мен Тайланд елдерінің айырмашылығы – осында. Адамдары, ауа райы, ұлттық киімдері мен салт-дәстүрінде де өзгешелік байқалады. Ерекшелігіне қызығып, оның бәрін тез меңгеріп алдым. Отбасымын мейірімділігі, үнемі қолдау көрсететіні – қазақ халқына деген сүйіспеншілігімді арттырып жатыр, – дейді ол.

Ол күнделікті дайындалатын ас мәзірінен бастап, қазақ тілін дұрыс пайдалануға дейін меңгеріп алған. «Ене – келінге сыншы» деген сөз бар, Ихваның да енесі келініне білгенін үйретіп, қолынан келгенше салт-дәстүрді ұқтырып жүргенін айтты.

– Балам оқуын Алматыдан бітіріп келді. Әлеуметтік желі арқылы танысыпты. Ағылшын

Ол күнделікті дайындалатын ас мәзірінен бастап, қазақ тілін дұрыс пайдалануға дейін меңгеріп алған. «Ене – келінге сыншы» деген сөз бар, Ихваның да енесі келініне білгенін үйретіп, қолынан келгенше салт-дәстүрді ұқтырып жүргенін айтты.

тілінің онлайн курсына танысқан. Ағылшын тілінің курсына спорад болғысы келіп қатысқан ғой. Қарсы болған жоқпын, бірақ түсініксіз күйде болдым. «Барып көріп келемін, ұнатсам алып келемін» деді. Ақыры көніп, 10 күнге Тайландтың Бангкок қаласына жібердік. Содан үйленем деп шешім қабылдап келді. Келінінің жүзі жылы, айтқандымды тез ұғады. Тіпті, түсіндіре алмай жатқанын қағып алады. Басында естігенде қарсы болып едік, бірақ бұл баланың тағдыры ғой. Тағын жасап берсек те, бағын жасап бере алмаймыз, – дейді Ихваның енесі Гүлсім.



Жақында Мирас пен Ихваның шаңырағында Алан есімді сәби дүниеге келіп, отбасының қуанышы еселенді. Жас ана баласына қазақы тәрбие беруді өмірлік мұратына айналдырған екен. Өзі де қазақ тілін үйренуге бар ынта-ықыласымен кірісіп, әр күнін жана бір сабаққа балап жүр.

Ал келесі кейіпкеріміз – филиппиндік Лиана Залдуа. Қазір көпшілік Лиананы әлеуметтік желі арқылы жақсы таниды. Өйткені оның күнделікті тұрмыстағы келін образы мен қазақтың ұлттық салт-дәстүрін түсінуге барынша тырысып баққаны әлеуметтік желі қолданушыларының көңілінен шығып жатыр. Лиананың айтуынша, келін болып келуден бұрын да жасалатын біраз әдет-ғұрыптар өз елінде болмаса да, қазақтың жөн-жоралғылары бойынша тұрмыс құрған.

– Ата-анам мені Қазақстанға кетуіме қарсы болды. Олай болуы да заңдылық еді. Ал қазір менің ең қуанатыным – екі ұлттан да отбасым бар. Меніңше, бір елде тұрып жатқан халықтардың достығы дегенде екі ұлттан құралған отбасын да атап өту керек. Неге дейсіз ғой? Маған филиппиндердің мәдениеті әбден таныс, бойыма сіңген. Ал қазақ мәдениетін келін болып келген күнімнен түсініп жатырмын. Кейде отбасыма өз халқымның ұлттық тағамдарын дайындап беремін. Бұл бір қазақ отбасының өзге мемлекеттің мәдениетінен толық хабардар болуына ықпал етеді деп ойлаймын. Осындай әрекеттер халықтар достығын арттырады емес пе? – деді Лиана келін.

Жолдасы Нұрдуәлет Амангелді екеуінің таныстығы Мальдив аралдарында басталған. Жас келін елге келе салысымен қазақтың салт-дәстүріне бой үйретуге кіріскен. Дәстүрлі беташар рәсімі де өткен. Алғашында Лиана «көпшіліктің алдында салтты бұзып алмаймын ба?» деп қобалжығанын жасырмады. Одан бөлек, ұлтаралық некеге байланысты түрлі пікірлер де туындаған.

– Өркімнің өз таңдауы бар. Маған бұйырғаны осы екен. Лия – менің ең жақыныма айналды, – деді ол.

Қазір жас жұбайлар Алматы қаласында тұрады. Нұрдуәлет туристік агенттікте жұмыс істейді. Таңертең Лия оған көмектесе, түстен кейін үй шаруасына кіріседі. Филиппиндік келін Қазақстанға келгеннен бері қауіпсіз елде тұрып жатқанын тілге тиек етті. Дегенмен алғашқыда кейбір адамдардың өзіне ерекше көзқараспен қарағанын да айтып есіне алды. – Адамдар маған тәсіле қарайтын. Соған қарағанда шетелдік келінге көздері үйренбеген болуы керек. Бірақ бұл – уақытша дүние. Бастысы, отбасым мені жылы қабылдады, – дейді ол.

Лия мен Нұрдуәлет үшін ұлт, тіл, мәдениет айырмашылығы басты кедергі болмаған. Ең маңыздысы – бір-біріне деген құрмет, ортақ мақсаттар және шынайы сезім.

– Махаббат ұлтқа қарамайды. Тіл басты құрал емес. Бір-бірінді жүрекпен түсіне білу – маңызды, – дейді Нұрдуәлет.

Қазақстандық отбасы Филиппиннен келген құдаларын жыл сайын жылы шыраймен қарсы алып, өздері де жиі Филиппинге табан тіреп тұрады екен. Бүгінде әлеуметтік желі қолданушылары Лианы «нағыз қазақ келіні» деп атап, жылы лебіздерін аямай білдіріп жатыр.

Осылайша, өзге ұлттың қызы қазаққа келін болып екі халықты біріктіретін көпірге айналды. Олар өздерінің ұлттық болмысын сақтай отырып, қазақ халқының тұтастығын құрметтеп, сол арқылы татулық пен бірлікті нығайтады. Қазақтың кең пейілі, қала берді қонақжайлығы шеттен келген келіндерге есігін айқара ашып, шекара мен дәстүр арасындағы айырмашылықтарды жеңіп, нағыз отбасы болудың маңызын ұғындырады.

## САНИЯНЫҢ ЖҰЛДЫЗДЫ СӘТІ

Латвияның Рига қаласында XVIII «Рига көктемі – 2025» халықаралық хореографиялық байқауы өтті. Байқауға Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының «Гүлдер» ансамблінен балет әртісі Сания Сәкенова мен бас балетмейстер Анвара Садықова қатысып, жеңіске жетті.



Байқау хореографияның үш аталымы бойынша өтті. Атап айтсақ, классикалық би, халық биі және заманауи хореография. Байқауға Қазақстаннан бөлек, Германия, Италия, Латвия, Литва, Эстония, Украина, Солтүстік Африка елдерінен өнерпаздар катысты.

Ансамбль солисі Сания Сәкенова I дәрежелі лауреат атанып, 2 алтын медаль жеңіп алды. Ол байқау бағдарламасында Анвара Садықова қойған «Ақбаян» казак биін және Ернұр Қарықбол қойған «Тәмулән» монғол биін биледі. Сондай-ақ ансамбль бишісі орындаушылық шеберлігі мен әртістік өнері үшін Америка Құрама Штаттарындағы Марго Фонтейн атындағы Балет академиясында екі апталық оқу стипендиясының сертификатына ие болды.

«Гүлдер» ансамблінің бас балетмейстері Анвара Садықова мен Сания Сәкенова Марго Фонтейн балет академиясының көркемдік жетекшісі Кеннет Ладденнің арнайы шақыртуын алды.

Сонымен қатар қазылар алқасының шешімі бойынша «Гүлдер» ансамблі «Ұлттық би мәдениетін сақтау және дамыту» арнайы сыйлығымен марапатталды.

## АҚЫН МҰРАСЫ – ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

Қарағандыда балалар әдебиетінің бірегей өкілі, ақын, журналист Жеңіс Қашқыновтың шығармаларын насихаттау мақсатында мәнерлеп оқу бойынша облыстық байқау ұйымдастырылды. Ұлттық кітап күніне орай ұйымдастырылған жарыс Абай атындағы облыстық балалар кітапханасында өтті. Шараға Қарағанды облысының Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы қолдау көрсетті.



Байқаудың басты мақсаты – Жеңіс Қашқыновтың шығармаларын кенінен таныту арқылы балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және жеткіншектердің шығармашылық қабілеттерін дамыту. Байқау ережесіне сәйкес, қатысушылар ақынның «Ашылған сыр» және «Батырдың анасы» поэмаларын жатқа мәнерлеп оқыды.

Сайысқа Қарағанды, Балқаш қалаларынан, Бұқар жырау, Шет, Нұра, Осакаров аудандарының ауылдарынан келген 20 балалар беру мекемесінен 40-қа жуық оқушы қатысты. Ақпақшаму газетінің жауапты хатшысы, ақын Ерболат Қуатбек, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Салтанат Қайырбек, Қарағанды Бөкетов университеті қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі Құрмет Бажикеев төрелік етті. Байқауға келген жұмыстарды қазылар алқасы мұқият бағалап, қатысушылардың орындаушылық шеберлігі мен әртістік қабілеттеріне қатысты кәсіби пікірлерін білдірді.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталып, құнды сыйлықтар алды.

– Менің ойымша, бұл мереке біздің елімізде «біз кітап оқитын ұлт бола аламыз ба?» деген маңызды сұрақтың көтерілгенін білдіреді. Бұл бағытта біз, кітапханашылар, күн сайын жүйелі түрде жұмыс істейміз, балалар мен ересектерде оқуға қызығушылықты дамыту үшін түрлі шара өткіземіз. Біздің кітапханамыз бос болмайды, оқырмандар күн сайын келеді. Жерлесіміз, Ақтоғай ауданының тұрғыны Жеңіс Қашқынов жақсы әдеби мұра қалдырды. Біз жас ұрпақтың оның шығармашылығын білгенін қалаймыз, – дейді Абай атындағы облыстық балалар кітапханасының директоры Баян Уатаева.

Мереке қонағы Жеңіс Қашқыновтың жиені, веломафранысты, ағылшын тілі пәнінің оқытушысы-аудармашы, журналист Ернат Рахметолла болды.

Бұл байқау балалардың әдебиетке деген қызығушылығын оятып қана қоймай, оларды көркем сөз өнеріне баулуға үлкен рөл атқарды. Ұйымдастырушылар алдағы уақытта да осындай тағылымды шараларды тұрақты түрде өткізуді жоспарлап отыр.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

AMANAT  
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алғашқы БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгүл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОВИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербәкіт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНЖАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(717) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4587

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 Б  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Өлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1  
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46

e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn\_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.  
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.  
• Кілемі үш компьютерлік беттен асып материалдар қабылданылмайды.  
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның  
жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –  
Нұрлан ҚОСАЙ